



**ӨЗІН-ӨЗІ  
ЖҰМЫСПЕН  
ҚАМТЫҒАН  
АУЫЛ**

5-бет



**ӘЗӘІЛДІҢ  
ОРАЛУЫ**

8-бет

# ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№44 (3575) 16 маусым 2023



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?



Қазақстан БҰҰ деңгейінде тәуелсіздігі мойындалған әлемдегі 190 мемлекеттің бірі Еліміз жер көлемі жағынан – 9, тұрғындар саны жағынан – 62, халық тығыздығы жағынан 184-орынды иеленген. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты соңғы 1,5 ғасырда бүкіл әлемде электр энергиясы экономикалық дамудың басты құралына айналды. Алғашқы кезде оған су электр станцияларының (ГЭС) қуаты пайдаланылса, бірте-бірте жылу электр орталықтары (ЖЭО), атом электр станциялары және жел мен күннен алынатын жаңғырмалы қуат көздері қосылды.

(Соңы 3-бетте)

## ҰТЫСТАН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**  
Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жұлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

### ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:  
«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

**Ал, іске сәт!**



## МӘСЕЛЕ

### ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ КЕРІ ӘСЕР ЕТЕДІ

Ұлттық статистика бюросының соңғы мәліметі бойынша қазақстандықтардың саны 19 миллион 854 мың. Ал, 1991 жылы ел халқы 16 964 мың болған. Яғни, тәуелсіздік жылдары қатарымыз 2890 мың адамға толыққан.

Кез келген мемлекет үшін халық санын көбейту әрқашан да маңызды десек, ұлан-ғайыр жері бар Қазақстан үшін бұл ең басты мәселе. Сондықтан, әрбір адам, оның өмірі мен денсаулығы еліміздің басты байлығы саналатыны Конституциямен бекітілген.

Біздің мұны айтуымызға, елімізде орын алатын төтенше жағдайлардың басым көпшілігінің өртпен байланысты болатыны себеп болып отыр. Мәселен, мемлекетімізде әрбір жыл сайын 12 мыңнан астам өрт оқиғасы тіркеліп, оның салдарынан 400-ден аса адамның көз жұматынын ресми мәліметтер растап отыр. Мұның 800-дейі орман, дала өртіне байланысты болса, 50 пайыздан астамы қауіпсіздік шараларының сақталмауы салдарынан орын алатынын төтенше жағдай қызметкерлері жоққа шығармайды.

Астанада орын алған өрттен бес баланың көз жұмуы бүкіл елді күңіретіп кетті, Абай облысында арыстай 14 азаматымыз тілсіз жаудың құрбанына айналды.

(Соңы 5-бетте)

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

## КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ - ЖАСТАР ҮШІН ТИІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИФТКЕ АЙНАЛУЫ КЕРЕК

Елімізде дарынды жастарды қолдау және мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Президент Қ.Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасында жастардың кадрлық резервін қалыптастыру міндеті қойылды. Бұл бүгінде белгілі деңгейде кадрларды іріктеу, оқыту және жоғарылату жүйелерін жетілдіріліп, персоналды басқарудың заманауи құралдарының енгізілуіне және мемлекеттік қызметкерлер сапасының артуына ықпал етті.

Ең бастысы, реформа бәсекелестік және іріктеудің ашықтығы қағидаттары бойынша мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігін арттырды. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке кірісу негізгі лауазымдардан басталып, қызметкерлер құзыреті мен кәсіби дайындығы негізінде жоғарылатылады. Реформа жүзеге асырылғалы бері еңбек жолын бастапқы кезеңнен бастағандар саны едәуір артты. Мемлекеттік органдарда қызметкерлердің мансаптық өсуіне жағдай жасалды. Ішкі конкурстар ин-

титуты арқылы жоғарылатылған мемлекеттік қызметшілер саны 5 есеге өсті. Бұл шаралар еңбекке қарай жоғарылау мүмкіндігіне деген сенімді күшейтті. Бұған социологиялық сауалнаманың нәтижесі дәлел. Соңғы сауалнама мемлекеттік қызметшілердің 80% іріктеудің объективтілігін жоғары бағалағанын көрсетті.

Ел Президентінің сайлауалды бағдарламасында айтылған тәсілдерді іске асыру шеңберінде мемлекеттік аппараттың тиімділігі одан әрі арттырылды. Меритократия қағи-

датын нығайту, стратегиялық кадрлық жоспарлауды енгізу және мемлекеттік қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандыруды кеңейту мәселелері бойынша бірқатар жұмыс жүрді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында резервтің жастар үшін тиімді әлеуметтік лифтке айналуы керектігін атап өткен болатын. Іріктеуге түрлі сала өкілдері, түрлі мамандық иелері қатыса алады. Бұл міндетті түрде мемлекеттік қызметшілер емес, олар квазимемлекеттік сектордың, жеке сектордың, азаматтық қоғамның өкілдері болуы мүмкін. Резервке мемлекеттің ең жоғары басшылық лауазымдарына әлеуетті үміткерлер, өзгермелі еңбек жағдайларына тез және мақсатты бейімделуге қабілетті «жаңа формацияның» көшбасшылары деп аталатын тұлғалар жиналады. Іріктеу кезеңдерінің бар-

лығынан өтіп, резервшілер тізіміне енгендер тағайындалуы мүмкін басшылық лауазымдардың ауқымы өте кең.

Алайда, резервке жазылу фактісі мемлекеттік лауазымға тағайындауға кепілдік бермейді. Тиісті бос орын болған жағдайда, резервтегі адамды ұсыну Жастар кадрлық резерві жөніндегі ұлттық комиссия құзырында болады. Тағайындаулар Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен резервке алынған адамдар арасынан да, басқа адамдар арасынан да жүзеге асырылуы ғажап емес.

Цифрландыру дәуірінде азаматтардың барынша ашықтығы мен ыңғайлылығын, ақпаратқа орталықтандырылған қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы rkrezerv.kz онлайн платформасы іске қосылған.

(Соңы 3-бетте)



ПАЙЫМ

# ХАЛЫҚТЫҢ СЕНИМІ АЛТЫННАН ҚЫМБАТ

XX ғасырдың соңғы он жылдығы еліміз үшін маңызды кезеңге толы болды. Алдымен Қазақстан Республикасы әлемдік аренада тәуелсіз ел ретінде танылды. Осы ретте елдегі барлық сала қайта құрудан өтіп, құқықтық жүйе жаңадан қалыптасты. Реформалар, әсіресе, сот жүйесінде қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде аталған сала түбегейлі өзгеріп, жаңа кезеңге қадам басты. Мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.



**Нұрлан ЕЛАМАНОВ,**  
Қызылорда облысының  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының судьясы

Алға қойған міндетті орындау үшін жаңа заң нормалары өз қажеттілігін туындатты. Сот жүйесінің қызметі Конституциясымен, сондай-ақ, сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңмен айқындалды. Себебі, соттың мәртебесі, оның беделі мен тәуелсіздігі мемлекеттегі заң үстемдігінің, сонымен қатар, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басты символына айналу керек болды.

Соттың қызметін түбегейлі тәуелсіз ету мақсатында сот жұмысын ұйымдастыру мемлекеттік атқарушы биліктен сот органына толықтай өтті. Бұл ретте Әділет органдарының соттарға қатысты бақылау функциялары алынып, Жоғарғы Соттың құрамына берілді. Мамандандырылған соттар осы тұста құрылды. Яғни, мамандандырылған эконо-

микалық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық, ювеналды және әкімшілік әділет институты негізінде әкімшілік соттар өмірге келді. Реформа нәтижесінде осыған дейін бес сатылы болып келген сот жүйесі бірінші, апелляциялық және кассациялық болып үш сатылы жүйеге көшті.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қандайда бір мемлекеттегі реформаның тиімділігі қоғамның дәстүрі, менталитеті және ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Осы ретте ұлттық дәстүрімізге сай соттардағы татуласу мәселелері қолға алынды. Себебі, қазіргі сот билігін ертеде билер атқарған болса, олардың негізгі мақсаты дауды бітіммен аяқтау болатын. Сондықтан, соттағы татуласу, бітімге келу, медиация сынды дау шешудің баламалы әдістері қазақ қоғамынан алшақ еместігін, оны сот жүйесіне енгізгеннен ұтылатын ешнәрсе жоқ екенін аңғаруға болады.

Сот жүйесін реформалаудың келесі мәселесі – цифрландыру болды. Ашығын айту керек, дамыған қоғамға қадам басқан біздің ел үшін цифрландыру қай салаға да керек. Өйткені, қағазбастылық ескі қоғамның көрінісі іспетті. Осы мақсатта сот жүйесін автоматтандыру қолға алынып, сот ісінің бірыңғай деректер базасы «Төрелік» ақпараттық жүйесі қолданысқа берілді. Сот істері электронды форматқа өтіп, сот ісін жүргізу біршама жеңілдеді. Сонымен қоса сот отырыстары онлайн форматта өту кең етек алды. Осы жасалған жұмыстар сот жүйесін түбегейлі жетілдіруге көп септігін тигізгенімен, алда әлі бірқатар мәселелердің бары анық.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ҚР Судьяларының VIII съезінде соттың әділ және тазалық принциптеріне берік болуы үшін қоғам мен мем-

лекет бірлесе күш жұмсауы қажет екенін айта келе, бірқатар басымдықтарды алға қойды. Солардың бастысы судьялардың кәсіби біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру мен жұмыс тәсілдерін дамытып, жаңа талаптарға бейімделу, халықаралық тәжірибені ескере отырып, шеберліктерін шыңдау болды. Президент судьяның адам құқықтары мен бостандықтарын басты назарда ұстауы тиіс екенін айрықша атады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы соттың тәуелсіздігін нығайту арқылы оның әділ және ашық болуын қамтамасыз ету керектігін баса атады. Бұл өз кезегінде әртүрлі мәселемен сотқа жүгінген азаматтардың сот билігіне деген сенімін нығайтады. Сот қоғамдық, бұқаралық ақпарат құралдарының, блогерлер мен журналистердің қысымына қарамауы тиіс. Заң шеңберінде соттың ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етілгенімен, ол судьяға қысым жасай отырып сот шешімін өзгерту құралы ретінде қолданылмауы керек.

Сонымен қатар, Президент судья болуға үміткерлерге талаптарды халықаралық тәжірибеге сәйкес күшейтуді, оларды іріктеудің жаңа жолдарын қарастыруды, қағазбастылықты шектеп, жұмысты барынша оңтайландыруды және түрлі даудамалды шешуде бітімгершілік тетіктерін қосуды тапсырды.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының 5-бөлімінде құқық қорғау мен сот жүйесін және құқық қорғау институттарын дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Соның негізінде соттар одан әрі мамандандырылып, кассациялық сатыға істерді шығару рәсімі өзгертілді, қалалардағы бірінші саты соттары біріктірілді. Дауларды реттеудің баламалы тәсілдері енгізілді.

Осы тұжырымдаманы іске асыру арқылы сот жүйесінің тәуелсіздігі артты. Жалпы барлық жасалып жатқан шаралар еліміздің сот жүйесін дамытуға, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған.

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ТІРКЕУ ЖОЛДАРЫ



түскен күні сол уақытта оның бар болғанын растайды. Сондай-ақ, аталған туындының мүлкікті құқығы кімге берілгені көрсетіледі.

Авторлық құқық ол авторға тиесілі болмауы мүмкін. Ондай кезде авторлық куәлікті мемлекеттік орган береді. Ол ресми мөрмен бекітілуі керек. Сот ол растау және авторлық құқық тиесілі екенін дәлелдеу ретінде қабылданады. Тіркеу туралы куәлік болса, авторлық құқықты иеленетінін растайтын келісімшарт (еңбек, құқық беру және т.б. туралы) көрсетілмейді, себебі, бұл мәліметтің барлығы куәлікте жазылады.

Заңға сай, тендерге қатысқан кезде авторлық құқықты куәлікпен растау талап етіледі. Туындының құнын білу үшін авторлық құқық бағалаушыларына жүгінуде артықтық етпейді. Туындының өзі уәкілетті органда сақталады, дау кезінде, мысалы, сот «даулы» шығарманы авторлық құқықты тіркеу туралы өтінішпен бірге берілген нұсқамен салыстыра алады.

Сонымен қатар, автор мен өтініш берушінің өтініші негізінде берілгені көрсетілетін куәлік, ақпарат авторлық құқық берілгенін растайды, Қазақстанда ғана емес, шетелде баспа, мемлекеттік және жеке меншік мекемелер мойындайтыны сөзсіз.

**О.ЖОЛДЫБАЕВ,**  
Түркістан облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы

жағдайда өзінің шығармашылық қабілетін қанағаттандыруға ынталандыру болып саналады. Авторлық құқықтың тіркелуі саны университет үшін рейтинг көтеруге көмектеседі және ғылыми жұмыстар үшін грант алуға сеп болады.

Туындыны тіркеудің артықшылығы ретінде материалдық емес актив түрінде баланста тұрған туындының құны мемлекеттік тіркеу кезінде артады, ал лайықты қорғалса, жыл өткен сайын өзінің материалдық нысан ретіндегі бағасын арттырады.

Тіркеудің өзі куәлікте көрсетілген нысан әдебиет және өнер туындысы болып саналатыны расталып, авторлық құқық нысаны ретінде қорғалады. Онда туынды автордың жеке басына қатысты мәліметтер көрсетіледі және сол автор (авторлар) сот басқаша шешім шығарғанға дейін автор болып саналады. Әрі шығарманың шыққан күні бекітіледі, ал туындының уәкілетті органға

ӘДІЛЕТ

Халықаралық және Қазақстан заңнамасының нормаларына сәйкес ғылыми еңбек, әдебиет және өнер туындыларына берілетін авторлық құқық үшін туындыны тіркеу, туындыны рәсімдеу немесе басқа да жұмыстар қағаз жүзінде көрсету талап етілмейді. Бұл ереже туынды авторының кім екеніне қатысты ешқандай дау орын алмаған жағдайда ыңғайлы.

Авторлықты растау үшін кейде автордың өзіне қатысты ашылмаған жайтты, туындының көшірмесін немесе түпнұсқасын, автор туралы мәлімет пен туынды шығарылған күнді көрсету жеткілікті. Алайда, көп жағдайда автор сотқа немесе мемлекеттік органдарға өзінің авторлық құқығын қорғауға жүгінгенде мұндай растау жеткіліксіз, автордан авторлық құқығын тіркеген-тіркемегені сұралады. Мұндай жағдайда автор алдын ала ойластырып, өзіне қажетті құжаттарды реттеуі керек.

Туындыға авторлық құқық алған автор оны үшінші бір тұлғаның пайдалануына рұқсат беріп және тыйым сала алады. Туындыны салық, кеден, құқық қорғау органдары мен сотқа көрсетуге құқылы. Авторлық құқықты ресми тіркеу туындыны ақшалай бағалауда қажет. Студенттер мен ғылыми қызметкерлер үшін авторлықты ресми растау басылымға жариялау ретінде көрсетіледі, бұл диплом немесе ғылыми атақ алу кезінде маңызды. Кей авторлар үшін бұл жаңа өнім тудыруға, кей

ЛЕБІЗ

ҚР Президентінің 2019 жылғы 10 қазандағы Жарлығымен судья қызметіне тағайындалды. Судьялық еңбек жолымды жақсының өзіндік ізін қалдырған, ұжымда кірік қалған, шашауы жоқ бірліктегі Шалқар аудандық сотында бастағанымды мақтан тұтамын.

## МЕН МАҚТАН ТҰТАТЫН ҰЖЫМ

Биыл екінші жыл тойланғалы отырған Судья және сот қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында өз ұжымым туралы айтуды жөн көріп отырмын. Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, сот жүйесін реформалау бағытында ауқымды шаралар атқарылып жатыр. Бұл ретте алға қойылған міндеттер де сан алуан десек, олар өз кезегінде әр судья мен сот қызметкерінен сауаттылық пен жауапкершілікті, іскерлік пен адалдықты талап етеді.

Шалқар аудандық сотының тарихы 1928 жылдан бастау алады. Сотта мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы қызметін атқарған Әбидолла Үмбетжанұлы Биекенов 1936 жылы Халық соты болып сайланып еңбек еткен. Одан бері сот тарихында М.Даулетов, Ж.Тәжібаев, Н.Ноғайбаева, А.Шарипов, С.Елтузев, Б.Тайғожиев, Ж.Садықов, Р.Мұхамбетқалиева, М.Қосмағанбетов, А.Маханбетов, О.Бақтыгереев сынды беделді судьялар еңбек етті.

Осы сотта еңбек жолын бастаған А.Жусупов облыстық мамандандырылған экономикалық соты төрағасы, Н.Ормаханов Ақтөбе облыстық

сотының судьясы қызметтерін абыроймен атқаруда. Сот қызметкерлерінен Шалқар аудандық сотында өзіндік ізін қалдырған, ұжымда кірік қалған, шашауы жоқ бірліктегі Шалқар аудандық сотында бастағанымды мақтан тұтамын.

Сот ұжымы бас қосқанда аға буынның өмір жолын, еңбек тәжірибесін жас мамандарға үнемі үлгі етіп отырады. Қазіргі күні судья Сақыпжамал Дәріқұлова мен Сот әкімшісінің басшысы Нұржамал Ерниязова отыз жылдан бері қызметтерін абыроймен атқаруда.

Кеңсе мамандары Ақмарал Нұрұдин, Алмагүл Бекмурзина, Гүлбану Есжанова, Айгүл Болысбай, Раушангүл Айтмағанбетовалардың қатары жас мамандар И.Шалқарбаева, А.Сәрсенбай, А.Арғынбаевамен толықты.

Өз ұжымыммен қатар барлық әріптестерді кәсіби мерекемен құттықтаймын. Қиындығы мен қызығы көп, жауапкершілігі жоғары жұмыста абырой, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін

**Д.ИСАБЕК,**  
Шалқар аудандық сотының судьясы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметшіні қоғам мен мемлекет айнасы, тіпті, биліктің жарқын келбеті десек те артық айтқандық болмас. Өйткені, мемлекеттік қызметке келу – мемлекет және қоғам тарапынан айрықша сенімге ие болу дегенді білдіреді. Мемлекет тарапынан мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік болмысына жоғары талаптардың қойылуы осының айғағы. Ал мемлекеттік қызметші өз міндеттерін барлық талапқа сай атқаруы қажет.

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні. Өткен жылы Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі Судьялар мен сот қызметкерлерінің күнімен толықты. Бұл, әрине, өте қуантарлық жағдай, өйткені, мен сот саласында жұмыс атқарамын.

Мемлекеттік қызметте, оның ішінде сот саласында еңбек еткеніме 9 жылдай болды. Қазіргі қызметімді ерқашан да мақтан тұтамын. Өйткені, халық пен қоғам үшін еңбек ететінімді бақыт пен абырой деп санаймын.

Жалпы, қазіргі таңда Байзақ аудандық сотында 3 судья, 9 мемлекеттік қызметші еңбек етуде. Барлығы да абыройлы, білімді, өз істеріне адал, таңдаған кәсіптеріне сүйіспеншілікпен қарайтын, жұмыстарын жоғары деңгейде жасайтын өз ісінің шеберлері. Жұмыстарын жоғары деңгейде атқарып, халық ықыласына бөленген судьялар мен сот қызметкерлері де көпке үлгі. Олардың басым көпшілігі бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр.

Жалпы, мемлекеттік қызметші, әсіресе, сот саласында жұмыс атқаратын мемлекеттік қызметші деген атқа ие болудың өзі үлкен мәртебе. Қызметіміз бізге жоғары жауапкершілік жүктейді. Қызметтік әдепті сақтап, ісін заң талабына сай орындау әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті десек, мемлекеттің өсуі мен өркендеуі, олардың жұмысының нәтижесі.

Бұл тұрғыда мемлекеттік қызметшілер бағдаршамы сот қызметкерлері болмақ. Олар мемлекеттік саясатты жақтауға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, өзінің әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік қызметке кір келтіретіндей әрекеттер жасауға жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті бұзуы мемлекеттік қызметі туралы заңында белгіленген тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатынын ұмытпау қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің жалпы стандарттары негізінде Әдеп кодексі Президент Жарлығымен бекітілген. Аталған кодексте «Қоғамда мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, Отанына – қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді» деп нақтыланған. Яғни, мұнда қоғамның, халықтың мемлекеттік қызметшілерге сенімін білдіруі, мемлекеттік қызметшілерде әдепсіз мінез-құлықтың болмайтынына сенім білдіруі көрсетілген.

Мемлекеттік қызметші теріс қылық жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік, тіпті, қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермей, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, жұмыстарыңызға сәттілік тілеп, 23 маусым - мемлекеттік қызметшілер күнімен, әсіресе, 24 маусым – Судьялар мен сот қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесімен құттықтаймын!

Отбасыларыңызға амандық, жерімізге тыныштық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріңізге сәттілік тілеймін.

**Қаракөз ТІЛЕМІСОВА,**  
Байзақ аудандық сотының бас маманы  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнай мен оған иесе шығатын газ бен көмірдің үлкен қорына ие болғандықтан, Қазақстан ұзақ жылдар бойы энергия тапшылығын сезінген жоқ. Мұндай жағдай тек 2030 жылдан кейін ғана туындауы мүмкін деп Үкіметтің де біраз уақыт арқаны кеңге салып жүргені белгілі. Бірақ, дамудың тамыршысы болып келген мықты елдер де жаңаға бейімделмесе қатардан қалатынын дәл болжады. Болжап қана қойған жоқ, нақты әрекет етуге, ізденуге кірісіп кетті. Қазақстанға да көштен қалуға болмайды. Бұған климаттың жылынуына байланысты ауаға таралатын көмірқышқыл газын азайту бойынша Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы міндеттемесі де өз ықпалын тигізуде.

Уран қоры жағынан ғана емес, оны өндіру көлемі жағынан да әлемдегі көшбасшы саналатын Қазақстанда АЭС салу мәселесі өткен ғасырдың аяғында басталған. Бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынып, түрлі ұсыныстар әзірленді. Алайда 2000 жылдары Үкімет өз бағытынан айнып, жаңғырмалы қуат көздерінің үлесін көбейту арқылы энергия тапшылығын азайтамыз деген идеяның жетегіне еріп кетті. Бұл бағытқа 20 жыл бойы бюджеттен түрлі бағдарламалар бойынша қомақты қаржы да бөлінді. Алайда жел мен күннен қуат өндіретін техника мен технологиялардың бағасы ғана емес, ондағы қуаттың өзіндік құны да ГЭС мен ЖЭО-да өндірілген энергиядан айтарлықтай қымбат боп шықты. Сондай-ақ, жаңғырмалы қуат көздерінің ешқайсысы тұрақтылығы мен сенімділігі жағынан энергетика тапшылығын азайтуда базалық генерация қалыптастыра алмайтыны мәлім болды. Сондықтан ғылыми-зерттеу институттары мен түрлі сараптамалық талдау орталықтары қайтадан АЭС мүмкіндігін қарастыруға мәжбүр болуда.

Мәселен, Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында: «Көмір дәуірі біртіндеп келмесе кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз. Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом» деді.

Расында бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешу керек. Соған орай Президент Үкімет пен «Самұрық-Қазынаға» бір жыл ішінде қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуді тапсырды. Бұл мәселеге инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан да қарау қажет.

«Жасыл» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар. Үкіметке осы мәселе бойынша да ұсыныс әзірлеуді тапсырамын» деді Мемлекет басшысы осы ретте. Ал былтырғы 1 қыркүйектегі жолдауында: «Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады. Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді. Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет» дегенді айтты. Жалпы энергетикалық қауіпсіздікте қордаланған мәселе көп.

## АЭС – ЕЛДЕГІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ

«АЭС – елдің энергетикалық қауіпсіздігінің негізі» деп аталатын семи-

нарда Қазақстан инженер-энергетиктер одағының бас директоры Марат Дулкаиров энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бүгінгі таңда елімізде базалық генерация қалыптастыруда АЭС-тан басқа жол қалмағанын айтты. Базалық қуаттылық тапшылығын жою үшін 1 000-1400 МВт қуаты бар кемінде екі блогты АЭС салу қажет. Ол тұтынушыларды 60 жылдан астам уақыт бойы сенімді қуат көзімін қамтамасыз ете алады.

Ұлттық ядролық орталықтың бас директоры Эрлан Батырбеков болса, былтыр әлемнің 32 елінде қуаты 379,3 ГВт болатын 420 ядролық энергетика реакторы жұмыс істеп, электр қуатының 10 пайызы өндірілгенін жеткізді. Жұмыс істеп тұрған бұл АЭС-тардың 92-сі АҚШ-та, 56-сы Францияда. Ал біздің көршілеріміздің ішінде Қытайда (55), Ресейде (37), Иранда (1) бар. Сондай-ақ, 18 елде қуаты 57,7 ГВт болатын тағы 56 ядролық энергетика реакторының құрылысы жүріп жатыр. Оның 18-і Қытайда, төртеуі Ресейде, біреуі Иранда. Болжам бойынша әлемдегі АЭС үлесі 2030 жылы – 479, 2040 жылы – 676, 2050 жылы 873-ке жетпек. Ал онда өндірілетін электр энергиясының қуаты 2030 жылы – 11,2 пайыз; 2040 жылы – 12,9 пайыз, 2050 жылы 14 пайызға дейін жетуі мүмкін.

Ал «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткиннің айтуынша, Қазақстанның АЭС пайдалануда тәжірибесі бар. Бүгінде жылдам реакторлар енді ғана сәнге айнала бастаса, бізде мұндай реактор әлем бойынша ең бірінші болып Ақтауда жұмыс істеді. Елдегі энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электр энергиясын өндіруді әртарапандыру қажет. Ал АЭС базалық генерация болып табылады. Өкінішке қарай, бізде энергетика осы уақытқа дейін біржақты ғана дамып, негізгі генерация – көмір болды. Қазір жаңартылатын энергия туралы көп айтылады. Бұл мүлдем басқа сала, яғни олар жүйелік генерациялар, базалық емес. Бізде атом энергетикасын дамыту негіздері, сонымен қатар ғылыми база бар. Ұлттық ядролық орталық ғылыми мәселелерді шешеді, яғни бұл шын мәнінде әлемдік деңгей.

Әрине, атом энергетикасы сияқты жоғары технологиялық бағыттардың дамуы электр энергетикасының дамуына серпін беріп қана қоймай, тұтастай алғанда технологиялық деңгейді, тиісінше елдің ғылыми деңгейін көтереді. Сонымен қатар, атом энергетикасын дамытатын мемлекет жоғары технологиялары бар елдер сияқты саяси салмаққа ие болады. Сондықтан болашақта электр қуаты тапшылығын жою үшін бір емес, бірнеше АЭС салынуы керек.

2022 жылы Атом саласын дамыту жөніндегі ведомстволық комиссияның отырысында Алматы облысының Үлкен ауылында салынады деп ұсынылған алғашқы АЭС-тың қуаты – 2800 МВт. Қазіргі кезде жергілікті және шетелдік ұйымдардың қатысуымен сипаттама жасау бойынша бірнеше ұсыныс түсті. Атом реакторларын сумен суыту технологияларын қарастырған Қазақстан Үкіметі атом технологиясының көшбасшысы саналатын Францияның EDF, Кореяның KHNP, Қытайдың CNNC, Ресейдің Росатом компанияларының ұсыныстарын қарастыруға шешім қабылдады. Биыл наурызда Қазақстанның АЭС салуға дайындығын 19 бағыт бойынша 3 кезеңге бағалау үшін келген Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттік (МАГАТЭ) тексерісінің бірінші кезеңі сәтті аяқталды. Енді жыл соңына дейін Үкіметтің АЭС-тың орналасатын жеріне қатысты қаулысы шығып, технологияны жеткізетін компания анықталады. Ал 2025 жылы оның техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалып, соның негізінде АЭС-ты салу туралы Үкімет қаулысы қабылданып, жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу және сараптамадан өткізу жұмыстары басталады. Яғни, бәрі сәтті жүзеге асса 2035 жылы ғана алғашқы АЭС пайдалануға берілімек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ



# КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ - ЖАСТАР ҮШІН ТИІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИФТКЕ АЙНАЛУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Платформаның өте қолжетімді интерфейсі бар. Сайтта резервке таңдау туралы барлық қажетті ақпарат қамтылған. Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеуге қатысушыларға қойылатын негізгі талап Қазақстан азаматтығы, жасы 35-ке дейінгі, білімі және жалпы жұмыс өтілінің 5 жылдан кем болмауы тиістігі.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының елдегі, шетелдегі азаматтары қатысып, rkzegov.kz онлайн-платформасы арқылы барлығымен тең дәрежеде іріктеуден өте алады. Резервке іріктеуге Президент тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда, талаптарға сай келетін барлық азаматтардың қатысу мүмкіндігі бар.

Үміткерлердің мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі де яғни, әрекетке қабілетсіздігі, белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызмет атқару құқығынан айыру туралы сот шешімінің бар-жоғы, сыбайлас жемқорлық қыл-

Резервке енгізілген 350 жас маманның ішінде 262-сі мемлекеттік органдарға және квазимемлекеттік ұйымдарға әртүрлі лауазымдарға орналасты, оның ішінде орталық мемлекеттік органдарға 131, жергілікті атқарушы органдарға 41, ұлттық компанияларға 54 және басқа да салаларға 36. Оның 28-і саяси қызметке, ал сегізі «А» корпусының лауазымдарына тағайындалыпты.

мысының бар-жоғы, өтелмеген немесе алынбаған соттылық, қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасау және тағы басқа мәселелер жіті тексеріледі.

Кезеңдердің бірі үміткерлердің құндылықтары мен құзыреттерін бағалауды қамтиды. Ол үшін ұзақ жылдар бойы ұқсас бағалау әдістерін қолданып келе жатқан адам ресурстарын басқару саласындағы сарапшылар тартылады. Топтық бағалауды аудио және бейнежазбаға түсіру жоспарланған. Бағалаушылар

қатысушылардың жеке деректерін, атап айтқанда олардың аты-жөнін көре алмайды. Олар шифрланады. Нәтижесінде олар тек сандар мен әріптер жиынтығын көреді. Әрбір кезеңде сарапшылар алған идентификатор бірегей болады. Басқаша айтқанда, бағалаушылардың, мысалы, кімнің эссесін бағалайтынын білу мүмкіндігі жоқ.

Президенттік резервті қалыптастырудағы басты мақсат – шығармашыл және дарынды жастарды іріктеу. Биыл Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеуден өтті. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевтың айтуынша, резервшілерді жұмысқа алуда түрлі қиындықтар туындауда. Кейбір мемлекеттік органдарда 10 резервші тағайындалды, басқа органдарда бірде-бір қызметкер жоқ.

Әлеуметтік маңызы бар салаларда – денсаулық сақтау, энергетика, білім беру салаларында резервтердің саны мардымсыз. Қазіргі таңда өңірлерге дарынды жастарды тартуға көп көңіл бөлінуде. Еліміздің барлық аймақтарында өңірлік жастардың кадрлық резервтері құрылды. Оған тартылғандардың жасы 35-тен аспауы тиіс, жоғары білімі, сондай-ақ кемінде үш жыл жұмыс өтілі болуы шарт. Бүгінгі таңда президенттік жастар кадрлық резервіне енгізілген жас мамандар-

дың 75 пайызы қызметке тағайындалғаны белгілі болып отыр. Яғни, резервке енгізілген 350 адамның 262-сі мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік ұйымдарда әртүрлі лауазымдарға орналасты, оның ішінде орталық мемлекеттік органдарда – 131, жергілікті атқарушы органдарда – 41, ұлттық компанияларда – 54 және басқа да салаларда – 36. Оның 28-і саяси қызметке, ал сегізі «А» корпусының лауазымдарына тағайындалды.

А.ТҰРМАҒАМБЕТОВА,  
«Заң газеті»

БАЗЫНА

# КӨПІР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КӨҢІЛ БӨЛМЕЙ ЖҮРМІЗ

Қазақстан тәуелсіз ел болса да, әлі күнге дейін отандық өндірушілер көпір құрамаларын жасау мен монтаждау сапасын тексеруде Ресейдің көпір инспекциясының қызметіне жүгінуде. Бұл Алматыда өткен темірбетон конструкцияларының сапасы мен жер сілкінісіне төзімділігін талқылау бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөз болды.

«Көпірлерде және жол өтпелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу құнын оңтайландыру, Қазақстан нарығына өнімнің жаңа түрін енгізу жолдары» деп аталатын бұл шараның биыл құрылғанына 60 жыл толып отырған Алматы көпір құрамалары зауыты (АКҚЗ) ұйымдастырды.

– Көпірлер ұлттық қауіпсіздік нысандарының қатарына кіреді. Оған ерекше талаптар қойылады. Бүгінде мемлекет көлік инфрақұрылымына қомақты қаржы жұмсауда. Бізде өз қызметін жақсы атқарып жатқан Сапа орталығы бар. Алайда, көпірлер ерекше бақылауды қажет етеді Мәселен, Батыс Еуропа-Батыс Қытай жобасы басталған кезде көпірге еш қатысы жоқ және оның қарапайым талаптарын да білмейтін зауыттар көпір құрамаларын жасай бастады. Сондықтан бұл мәселені мемлекеттік деңгейде шешу керек. Қазақстандық сапаны бақылайтын көпір инспекциясы керек, – дейді «АКҚЗ Group» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Шардинов.

Сарапшылардың бағалауынша, жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздегі авто және темір жол көпірлері мен жаяу жүргіншілер, су және өзге де өтпелердің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі орасан зор.



Әзірге мұндай жағдай соңғы 30 жылда көктемгі қарғын су мен жауын-шашын әсерінен болатыны сел кезінде ғана байқалып жүр. Зілзала, қар, топырақ көшкіні, өрт секілді табиғат апаттары орын алған жағдайда ахуалдың қаншалықты күрделі болатынын Түркиядағы зілзала көрсетті. Мәселен, аз қабатты үйлердің құрылысы бойынша ғылыми монография жазып жүрген, жобалау компаниясының басшысы, архитектор Ақмырза Тұрсынбайдың сөзіне қарағанда, республика аумағының 40 пайызы сейсмикалық жағынан белсенді аймақ саналады. Бұл Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағы. Онда тұрғын үйлерден бастап, өзге де инфрақұрылым нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиялық тұрғыдан да маңызды.

Ұлттық статистика бюросының есебіне қарағанда, республикада тұратын 17,9 млн халықтың жартысынан көбі немесе 9,7 млн-ы сейсмикалық жағынан қауіпті аймақ тұрғыны.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»



Сот жүйесін реформалау бағытында азаматтық сот ісін жүргізуде де түбегейлі өзгерістер болды. Атап айтсақ, барлық сотқа азаматтық істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қарау құқығы берілді. Алайда, соттар заң талабына сай, өзінің құзыретіне жатқызылған істерді ғана қарайды. Осыған байланысты азаматтық істерді мәні бойынша қарауға қатысты өкілеттіктерін нақты анықтау қажеттілігі туындайды, оған соттылық ережелері арқылы қол жеткізіледі.

# СОТТЫЛЫҚ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЛАДЫ?

Соттылықты түсіндіріп өтсек, онда бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша соттар арасында бөлу, яғни, азаматтық істі қарауға тиісті нақты сот белгіленеді. Өзінің келісімінсіз заңда көзделген соттылық өзгертілмейді. Сол себепті, соттылық азаматтық процесте өте маңызды институт болып табылады. Өйткені, судья талап қоюды қабылдау және азаматтық істі жалпы юрисдикция соттарына бағынатындығын анықтау арқылы қай соттың соттылығына жататындығын шешеді.

Азаматтық істе тараптардың бірі жеке тұлға болса, талап қоюды аудандық немесе қалалық сот қарайды. Егер істің тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға болса – талап қою мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығына жатады.

Азаматтық процестің кодекстің 29-бабына сәйкес, талап қою жауапкердің тұрғылықты жеріндегі сотқа беріледі. Жеке тұлғаның, оның ішінде заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тұрғылықты жері Азаматтық кодексте белгіленген қағидалар бойынша айқындалады. Заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға құрмайтын ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

Егер іс осы соттың соттылығына жатпаса, бірінші сатыдағы сот судьясы кодекстің 152-бабына сәйкес талап қоюды қайтарады. Егер тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің

тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтінішхат берсе, бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін істі осы сотқа қарау мүмкін болмаса, істі осы сотқа қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары бұзыла отырып қабылданғаны анықталса және де кодекстің 34-бабында көзделген басқа да негіздер болса, сот істі басқа соттың қарауына береді.

Істі бір соттан екінші сотқа беру – ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін жүргізіледі. Екі тарап та сот айқындаған соттылықпен келіскен жағдайда, олардың жазбаша өтінішхаты бойынша істі бір соттан екінші сотқа беру ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу жүргізіледі.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады. Ведомстволық бағыныстылық жеке және көпше болып екіге бөлінеді. Жеке ведомстволық бағыныстылық дегеніміз, белгілі категориялы істердің тек бір ғана юрисдикция органдарда қарап шешілу мүмкіндігінің болуы. Көпше ведомстволық бағыныстылық – кейбір категориялы істердің бірнеше юрисдикция органдарында қарап шешілуі. Көпше ведомстволық бағыныстылықтың өзі альтернативті, шартты, императивті болып бөлінеді.

Альтернативті ведомстволық бағыныстылық субъектінің қай органға шағымданытынын таңдау еркіндігі беріледі. Мыса-

лы, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 655-бабының 3-тармағында әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларына келіспеген жағдайда әкімшілік қаулыны шығарған органнан жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға болатыны көрсетілген. Шарттық ведомстволық бағыныстылықта дауласушы тараптардың өзара келісімімен істі қай органның қарап шешетіні белгіленеді. Осыған орай айтсақ, АПК-нің 25-бабына сәйкес, сотқа бағынысты мүліктік дау заңда тыйым салынбаса, тараптардың келісімімен аралық соттың қарауына берілуі мүмкін.

Императивті ведомстволық бағыныстылық – бірнеше юрисдикциялық органдарға қатысты азаматтық істердің белгілі бір жүйелілікті сақтай отырып қаралып шешілуі. Мысалы, 1999 жылы 16 шілдеде қабылданған ҚР Патенттік заң талабына орай, патент беруге қарсылық білдірілген шешімдерге патент алушы апелляциялық кеңеске шағым береді. Апелляциялық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда шешімді алған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей сотқа шағымдануға болады.

Азаматтық істер мәні бойынша сот органдарында қарап шешілуге жататын болса, бұл істер сот органдарына ведомстволық бағынысты болып табылады. Егер бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау АПК-де және басқа заңдарға сәйкес, өзгеше сот тәртібімен жүзеге асырылмаса, оларды қорғау туралы істерді соттар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды.

**Асылхан МИЗАНБАЕВ, Жалағаш аудандық сотының төрағасы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

# ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫ СЕНІМДІ АҚТАДЫ

Атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындау институты әлем бойынша өзекті. Өйткені, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесі атқарушылық актілердің қаншалықты тиімді және уақытылы орындалуына тікелей байланысты. Сот актілерін орындау жүйесін реформалау 2000 жылдары басталса, 2005 жылы Қазақстан судьяларының IV съезінде мемлекетімізде жеке сот орындау институтын енгізу мұмкіндігі мемлекеттік деңгейде алғаш рет талқыланды.



арналған атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АІЖО ААЖ) сала жұмысы үшін ерекше маңызға ие.

Олай дейтініміз, АІЖО ААЖ Қазақстанда сенімгерлік басқаруға берілген алғашқы жүйе болып табылады.

Сот актілерін мәжбүрлеп орындауды реформалау жолындағы келесі маңызды кезең ретінде 2010 жылғы 2 сәуірде қабылданған «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңды атауға болады. Осы заңның жобасын әзірлеуде Әділет министрлігі жан-жақты зерттеу жасап, үлкен жұмыс атқарды, бұл бағыттағы шаралар бүгінге дейін жалғасып келеді.

Уәкілетті орган бірнеше дамыған елдің сот актілерін орындаудағы тәжірибесін зерттеп, сот актілерін орындау институтының отандық моделін құрудың негізі ретінде қолданылған Францияның үлгісіне ерекше мән берді. Жоғарыда аталған заңның қабылдануын атқарушылық іс жүргізудің қазіргі заманғы тетігін қалыптастыру жолындағы шешуші қадам ретінде бағалауға болады. Осы заңнамалық акті сот актілері мен өзге де органдардың актілерін орындаудың балама тәсілі ретінде жеке сот орындаушылар институтын енгізуімен құнды.

Жеке сот орындаушылар институтын одан әрі қалыптастыру мен дамытуға арналған бағыт ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасымен белгіленді, онда 27-қадаммен аталған институтты одан әрі дамыту мақсатында сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін кезең-кезеңімен қысқарту саясатын орындау мақсатында жеке сот орындаушылар санын көбейтіп, өкілеттіктерін кеңейтуге, көптеген рәсімдерді жеңілдетуге, т.б. заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар шара қабылданды.

Мәселен, 2014 жылғы 15 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңмен тұлғалардың келегелген санаттары үшін лицензия алу тәртібі оңайлатылды, электрондық лицензиялау енгізілді. Аталған шаралардың арқасында жеке сот орындаушылар саны күрт өсті. 2016 және 2018 жылдар аралығында мемлекеттік сот орындаушылар кезең-кезеңімен қысқартылды. Нәтижесінде бюджет қаржысы 1,8 млрд теңгеге үнемделді.

Жеке сот орындаушыларға әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу туралы құжаттарды орындау құқығы, сондай-ақ, атқарушы округтен тыс жерде атқарушылық іс-қимылдар жүргізу мүмкіндігі берілді. Бұған қоса жеке сот орындаушылар мәртебесі қайта қаралып, өкілеттіктері едәуір кеңейтілді. Сондай-ақ, атқарушылық құжаттардың жекелеген санаттарына қатысты жеке сот орындаушылардың айрықша құзыреті бекітілді.

Атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату саласында Әділет министрлігі тарапынан жүргізілген шаралардың маңызы зор. Мысалы, атқарушылық іс жүргізу автоматтандырылып, атқарушылық іс-қимылдардың басым көпшілігі электрондық форматқа ауыстырылды. Бұл ретте 2015 жылы сот орындаушылардың жүктемесін азайту және сот орындаушылар, мемлекеттік органдар, банктер және өзге де ұйымдар арасындағы құжат айналымын қысқарту жолымен атқарушылық іс жүргізу процестерін автоматтандыруға

руға берілген алғашқы жүйе болып табылады. Соңғы 5 жылда АІЖО ААЖ-да сот орындаушыларының барлық атқарушылық әрекеттері (мүліктің тізімдемесі мен мөрін қоюды, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті алып қоюды қоспағанда) автоматтандырылды. АІЖО ААЖ-ны басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялануы нәтижесінде мүлкім болды.

Атқарушылық іс жүргізу заңымен істердің әлеуметтік маңызы бар санаттары бойынша шара қолданбағандар лицензиядан айырылады. Жеке сот орындаушылар жауапкершілігі жылдан-жылға күшейтілуде. Сонымен қатар, қарызын өтеуден жалтарып жүрген борышкерлерді заңмен белгіленген жауапкершілікке, әсіресе, қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсатында Әділет министрлігі мен Бас прокуратура бірлесіп Жоғарғы Соттың «Сот актілерін орындамағаны үшін жауапкершілік туралы» нормативтік қаулысына 2020 жылғы желтоқсанда өзгерістер енгізді.

Сотқа борышкер актіні орындамайтын «өзге себептерді» қарауға мүмкіндік беретін норма алып тасталып, «акті орындаудың нақты мүмкін еместігін тудыратын мән-жайлардың» толық тізбесі айқындалды. Бұдан басқа маңызды түзету ретінде борышкерлердің жылжымайтын мүлкін сатып-бағалауда 75%-дан төмен емес бағада өткізу талабын атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда жеке сот орындаушыларында 500 мыңға жуық баланы асырауға қатысты үш жыз мыңға жуық алимент істері бар. Егер борышкер алимент төлемесе, сот орындаушысы, бұл оның міндеті болмаса да, ең алдымен оған жұмыс табуға тырысады. Мәселен, 2021 жылы сот орындаушылардың күшімен 2 224 борышкер жұмысқа орналастырылды.

Қазіргі уақытта республиканың көптеген өңірлерінде тәжірибелі сот орындаушылардың арасынан алимент өндіріп алу бойынша мамандандырылған кеңселер табысты жұмыс істеді. Жеке сот орындаушылар бұрынғы жұбайларды татуластыруда да табысты еңбек етуде.

Сонымен бірге, жеке сот орындаушылар ел экономикасын дамытуға да айрықша үлес қосуда. Мысалы, олар 2021 жылы бизнес-құрылымдардың пайдасына 176 млрд теңге өндіріп алды. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылар жұмыс беруші ретінде әрекет етеді. Жеке сот орындаушылар институтын құру мемлекетімізбен қабылданған уақытылы және оң шешімдердің бірі болды. Әділет министрлігі республикалық палатамен бірге аталған институттың дұрыс бағытта дамуын қадағалап сот актілерінің уақытылы әрі тиімді орындалуын және ЖСО қызметін жақсартуда тұрақты жұмыс атқаруда.

Ең бастысы, қоғамда атқарушылық іс жүргізуге әрқашан екі тарап – борышкер мен өндіріп алушы қатыстының және олардың мүдделері тең сақталатынын, сондай-ақ, актілердің орындалуына барлық органның атсалысуы қажет екенін түсіну қажет.

**Гауһар ДОСЖАНОВА, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Мәжбүрлеп орындату департаментінің бас сарапшысы**

# ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Судьялардан, адвокаттардан, сот қызметкерлерінен, заңгерлік қауымдастықтан келіп түскен мыңнан астам ұсыныстың негізінде даярланған «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасы сот жұмысын жаңа бағытқа көтерді. Жоғарғы Сот әралуан факторларды зерделей келе, медиация мен бітімгерлік шараларын жандандыруға кірісті. Қазіргі таңда бірқатар істердің санаттарын сотқа жеткізбей шешу мүмкіндігі заңмен қарастырылған.

Осы жобаны жүзеге асыруда республика соттарында медиация кабинеттері ашылды, онда кәсіби медиаторлар, сондай-ақ, пилоттық тәртіпте татуластырушы-судьялар жұмыс істеді. Түркістан облысы кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының ұйымдастыруымен «Отбасылық сот» пилоттық жобасын одан әрі жандандыру мақсатында «Халықаралық медиация орталығы» РҚБ-мен меморандумға қол қойылды.

Аталмыш жоба отбасы институтын нығайту, отбасылық қарым-қатынастарды жақсарту, балалардың толыққанды отбасында өсіп-жетілуі, сол арқылы олардың жарқын болашағына ықпал ету мақсатын көздейді. Ал, міндеттері – отбасылық жанжалдардың себептерін анықтау, сот процесінің барлық сатысында татуластыру шараларын, оның ішінде сотта немесе соттан тыс татуластырудың мүмкіндіктерін қолдану, отбасы құқықтары мен мүдделерін, бірінші кезекте кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Осының айғағы ретінде Түркістан облысы кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2018 жылдың қыркүйек айында арнайы медиация, психолог бөлмелері қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталып ашылды. Содан бергі 5 жылда кәмететке толмаған балалардың тұрғылықты мекенжайын, олармен кездесу тәртібін анықтау туралы талап арыздары бойынша 401 іс медиатордың белсенді араласуымен тараптардың өзара медиациялық келісімге келуі

нәтижесінде, сотқа дейін және сот процесі барысында өзара медиациялық келісімге келіп сот өндірісінен қысқартылды.

Біздің өңірдің облыс орталығы Түркістан қаласына ауысуына байланысты, шалғай аудандардан азаматтардың сот процестеріне келіп-кетуі үшін бір күні жолға кетіп, жұмысынан қалып, сонымен қатар қомақты жол шығынын тартатыны белгілі. Азаматтардың сот процесіне келіп-кетудегі кедергілерін жеңілдету мақсатында, сот кеңсесіне түскен талап арыздармен алдын ала кәсіби медиатор танысып, тараптарды өзара татуластырып, медиациялық келісімдер жасауда. Медиатордың дауласушы тараптармен, алдын ала келіссөз жүргізуінің, сонымен қатар, тараптардың балаларына қатысты құқықтарымен жеке-жеке толық түсіндіруінің нәтижесінде, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетіп, көптеген жеңілдіктер туғызылуда.

Медиация бөлмесіне тараптар қорғаушысыз кіріп, пікірлерін ашық білдіреді. Күрделі дауларды шешуде екі тараптың да өз мүдделерін қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізулеріне үлкен мүмкіндік беріледі. Біздің сотта аталған санаттар бойынша медиациялық келісімшарттар жасау дұрыс жолға қойылған. Мысалы, талап қоюшылар мен жауапкерлерге медиатор телефон арқылы кеңес береді. Соның нәтижесінде олар жол шығынын тарту, адвокаттардың ақылы қызметтеріне жүгіну, жұмыстарынан қалу сынды әуре-сарсаңды болдырмайды. Медиатор кеңесімен өзара медиациялық келісімге келгендер жетерлік. Олар бүгінде ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтуда. Алдағы уақытта да мұндай жүйелі жұмыстар жалғасын тауып, нәтижелі боларына нық сенімдіміз

**Айкерим КУГЕНБАЕВА, Түркістан облысының кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының іс жүргізушісі**



МӘСЕЛЕ

# ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ КЕРІ ӘСЕР ЕТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тізе берсек, жан ауыртар мәліметтер жетерлік. Осы себепті, халық санының өсуіне кері әсер ететін төтенше жағдайлардың алдын алуда ормандар мен дала

алқаптарында, тұрғын үйлерде, қоршаған ортада қауіпсіздік талаптарын сақтау және оларды бұлжытпай орындау жайлы ақпараттарды ұдайы насихаттаудың маңызы зор екенін айтқымыз келеді. Осыған орай, ҚР ТЖМ Шымкент

қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметіне қарасты №99 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау майоры **Ерлан ТОЙШЫБЕКОВТИ** сөзге тартқан едік.

## «Өрт сөндірушінің еңбегі қас-қағым сәтпен өлшенеді»

– **Ерлан Нұрланұлы, өрттің шығуына көп жағдайда не себеп болады, маман ретінде айтарыңыз?**

– Жұмыс бабында түрлі жағдайға күз боламыз. Солардың көбінде байқағанымыз, азаматтар қауіпсіздік шараларына мән бермей, немқұрайдылыққа бой алдырады. Бабаларымыздың «отпен ойнауға болмайды» деген сөзінің астарында терең мән бар. Өйткені, әлсіз шоқтың өзі айналасына алапат өрт шығаруы мүмкін. Қарапайым мысал, темекінің тұқылын өшірмеу немесе газды жағып, оны қараусыз қалдыру, оттықты балалардың қолы жететін жерге қою, телефонды тоққа қосып жату сынды салғырттықтың соңы өкінішке ұрындырады. Сондай-ақ, тоқты оған қосылатын барлық затты, газды пайдалануда қауіпсіздік ережелері сақталмайды.

Өрттің «тілсіз жауға» теңелуі бекер емес. Оған адамның кез келген әрекеті себеп болады. Сондықтан, біз тұрғындарға өрт қауіпсіздігін сақтау туралы ережелерді ұдайы түсіндіреміз.

– **Өрт сөндіруші – жауапты мамандық. Бұл салаға келетін мамандарға қандай талаптар қойылады?**

– Өрт ырғалып-жырғалып жүруді көтермейді. Арнайы маманнан шапшаң шешім қабылдап, тәуекел жасап, нақты әрекетті талап етеді. Бұл салаға «сен тұр, мен атайын» дейтіндей жылдам әрі жүректі азаматтар таңдалады. Жылдам дейтініміз, дабыл түсісімен оқиға орнына 1 минутта шығып кету керек. Арнайы киімді киіп үлгеру, тағы басқа дайындық шаралары да осы уақыт ішіне кіреді. Өрт болған жерге жеткеннен кейінгі әрекет бұдан да жылдам болуы тиіс. Өйткені, алаулаған жалын ішінде адамдар қалуы мүмкін. Оларды құтқару өрт сөндірушінің ең басты міндеті.

Қазақта «қас-қағым сәт» деген сөз ғой. Осы қас-қағым сәтте олар зардап шегушіні құтқарумен қатар, алғашқы медициналық жәрдемді көрсету, өртті өшірудің барлық шараларын жасап та үлгеруі керек. Өрт сөндірушінің еңбегі қас-қағым сәтпен өлшенеді, мұны біреу білсе, біреу білмейді.

– **Өрттің алдын алуда азаматтар нені білуі тиіс?**

– Өрттің алдын алуда мамандар ұйымдастыру және техникалық шараларын жүзеге асырады. Тұрғындардың арасында түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Мысалы, құрылыстарды өртке төзімді материалдардан салу, пештер, т.б. талапқа сай болуы тиіс. Өрт шыққан жағдайда бірден өрт сөндіру қызметіне хабарлаудың маңызы зор. Ешқашан немқұрайдылыққа салынбаған абзал. Бұл ретте, халыққа қауіпсіздік ережелерін әрдайым сақтап, барынша абай болыңыздар дегім келеді.

– **Рақмет.**



Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН



Ергали ШЕКЕРБЕКОВ,  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізуде қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік болып бөлінетін юрисдикциясы бар. Әрқайсысы түпкілікті нысанда өздеріне тиесілі сот ісін қабылдайды.

Азаматтық іс жүргізуде бірінші сатыдағы сот Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 21-бабының бірінші бөлігіне сәйкес азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрығы, шешімі, ұйғарымы, қаулысы нысанында қабылдайды. Апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттар сот актілерін ұйғарым мен қаулы нысанында қабылдайды. Бірінші сатыдағы сот істі мәні бойынша қарағанда сот актісі АПК-нің 223-бабына сәйкес шешім нысанында шығарылады. Шешім Қазақстан атынан шығарылады және заңды күшіне енгеннен бастап республиканың бүкіл аумағында орындаушылық күшке ие болады.

Сот шешімі – бірінші саты сотының азаматтық іс бойынша шығаратын актісі. Сот шешімі кіріспе, сипаттау, уәждеу (дәлелдеу) және қарар бөлігінен тұрады. Кіріспе бөлімде шешім шығару уақыты мен орны, соттың толық атауы, соттың құрамы, даудың мазмұны, іске қатысушы тұлғалар көрсетіледі. Егер дау

# ШЕШІМ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДІ БОЛУЫ ТИІС

бірнеше талапты қамтитын болса, әр талап нөмірленіп бөлек жазылады. Қарсы талап қоюлар да осы кіріспе бөлігінде көрсетіледі.

Сипаттау бөлімінде талап қоюшының талабы, талапта көрсетілген мән-жайлар, жауапкердің қарсылығы және басқа қатысушылардың түсініктемесі, пікірлері жазылады. Егер талап қоюшы қойған талабының негіздері мен нысанасын өзгертіп, оның мөлшерін азайтса, шешімнің осы бөлігінде көрсетілуі тиіс.

Шешімнің уәждеу бөлімінде соттың істі қалай шешу керек екендігі туралы тұжырымы айтылады. Осы бөлімде тұжырымға негіз болған мән-жайлар, дәлелдемелерді қабилдамаудың дәйектері көрсетіледі, яғни, іс бойынша ұсынылған дәлелдемелерді бағалайды, сондай-ақ талаптың негізділігі жөніндегі соттың тұжырымы және сот сүйенген құқықтық нормалар көрсетіледі. Уәждеу бөлікте сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелерге жазылады. Алайда олар қандай да бір басымдыққа ие болмайды және сот үшін міндетті болып табылмайды. Ол басқа дәлелдемелердің жиынтығында бағалануға тиіс. Сарапшы қорытындысын бағалау шешімнің толық негізделген бөлігінде берілуі тиіс. Бұл орайда сот сарапшы қорытындыларының немен негізделгенін, сараптамаға ұсынылған материалдардың толық зерделенгенін, оларға тиісінше талдау жасалғанын көрсетуге тиіс. Сарапшының қорытындысымен келіспейтін сот өз шешімінде негіздеуге міндетті. Егер жауапкердің талап-арызды мойындауы қандай да бір адамдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін бұзбайтын болса, онда сот шешімнің осы бөлігінде талаптың мойындалғанын және оның сотпен қабылданғанын көрсетеді. Сонымен қатар уәждеу бөлікте сот шығыстары да көрсетіледі.

Ал шешімнің шешуші қарар бөлімінде талапты қанағаттандыру не одан бас тарту және сот шығындарын өтеу жөніндегі соттың қаулысы көрініс табады. Осы бөлімде шешімді шағымдау мерзімі мен тәртібі дәйектеледі. Сондай-ақ сот шешімді орындаудың белгілі бір тәртібі мен мерзіміне қатысты немесе шешімді дереу орындауға жіберген немесе оның орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қолданған жағдайда, бұл туралы шешімнің қарар бөлігінде көрсетеді.

Шешімнің қарар бөлігіне мәні бойынша қаралмаған талап қоюдың талаптары белгіленсе немесе шешімді орындау үшін қорытындыларын енгізуге жол берілмейді. Осы талаптар бойынша сот қорытындылары шешімнен бөлек ұйғарым нысанындағы сот актісінде баяндалуға тиіс. Нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арыз бойынша шешімде сот нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арызды негізді деп тани отырып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Шешімде даулауып отырған нормативтік құқықтық актінің қай заңдарға және қай бөлігінде қайшы келетіні және нормативтік құқықтық актіні толық немесе оның жекелеген бөлігін акт қабылданған кезден бастап жарамсыз деп тану туралы көрсетіледі.

Сот шешімі жария етілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде толық мәтінде дайын болады және үш жұмыс күнінен кешіктірмей барлық қатысушыларға беріледі. Егер шешімге шағым жасалмаса немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтірмесе, апелляциялық шағым жасау, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіру мерзімі өткеннен кейін заңды күшіне енеді және орындауға жолданады. Жалпы алғанда сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс әрі сот шешімді тараптар ұсынған және сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

САРАП

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асады. Сот әкімшілік процестік қатысушылардың түсініктемесімен, арызбен, өтінішхатымен, олар ұсынған дәлел, дәлелдемелер және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздеме бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

# СОТ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процестік қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Яғни, сот әкімшілік істі қарау барысында белсенді болуы керек.

Аталған кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Азаматтық процестік кодексте бұл заң нормасы көзделмеген. АПК-ге сәйкес екі тарап тең болған, яғни, сот екі тарап табыстаған дәлелдемелерді зерттеп, оған баға бере отырып шешім қабылдаған.

Жаңа кодекске сәйкес сот белсенді рөл атқара отырып, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Яғни, негізінен талап қоюшы сотқа мемлекеттік органның шығарған әкімшілік актісімен келіспейтіні туралы талап қоюмен жүгінсе жеткілікті. Сот аталған талап қою бойынша орын алған кемшіліктерді қалай жою керектігін көрсетіп, тиісті мерзім береді. Алайда талап қоюшы сот көрсеткен мерзімде кемшіліктерді жоймаса, сот талап қоюды лезде қайтармайды, оның себебін анықтап, қажетті жағдайда қосымша мерзім береді.

Сот тараптар табыстаған дәлелдемелерді зерттеп, әкімшілік талап бойынша өзінің құқықтық пікірін айтады. Мысалы азамат жергілікті атқарушы органның өзіне қатысты әкімшілік актісін даулап сотқа жүгінген. Істі сотта қарау барысында жауапкер қабылданған әкімшілік актінің негізді екені туралы нақты

дәлелдеме ұсынбады. Сот аталған мән-жайды ескеріп талап қою бойынша жауапкерге өзінің қабылдаған актісі заңды әрі негізді екені туралы нақты дәлелдеме ұсынбауына байланысты, талап қою қанағаттандырылуға жататындығы туралы ескертеді. Аталған заң нормасы тараптардың қойылған талап қою бойынша татуласуына себепкер болып жатады. Себебі, осы соттың алдын ала құқықтық пікірін айтуына байланысты кейбір әкімшілік істер бойынша тараптар бастапқыда татуласуға қарсы болғанымен, түбінде әкімшілік іс бойынша келісімге келіп жатады. Соттың белсенді рөлі негізінде, яғни, заң нормасына өзгерістер енгізілуіне байланысты әкімшілік сотқа табысталған талап қоюдың 70 пайызы азаматтар мен заңды тұлғалардың пайдасына шешіліп жатады.

Сонымен қатар, кодекске сәйкес сот белсенді рөлі аясында өзінің бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды. Бұрын судья азаматтық соттардағы сот процесінде ұсынылған арыздарды, шағымдар немесе іс материалдары аясында баяндалған жағдайларды олардың шеңберінен шықпай зерттесе, жаңа кодекске сәйкес мұндай іс-әрекеттермен шектелмейді. Жаңа кодексте берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз белсенділігін барынша қолданады.

Нұрбол АБДОЛОВ,  
Атырау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

# ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АУЫЛ

Қонаев қаласында өткен Орталық коммуникациялар орталығының көшпелі баспасөз конференциясында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірдегі өзін 100 пайыз жұмыспен қамтып отырған ауыл туралы айтты.

– Еңбекшіқазақ ауданындағы Ащыбұлақ ауылына ұқсайтын бірде-бір ауыл жоқ. Сол себептен ол ауылдан үлгі алу керек, – деді Марат Елеусізұлы. Расында өзін-өзі жұмыспен қамтып, өз жеке кәсібін дөңгелетуге ауылдағы барлық тұрғын ынталы.

Мемлекет басшысы да 2021 жылғы жолдауында: «Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі. Алайда, қоғамда патерналистік көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алуда. Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес. Мұндай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек. Осындай жағдайлар «мемлекеттен ала берсем» деген көзқарас қалыптастырды. Ал, көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр. Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар. Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады. Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады. Сондықтан, бізге түбегейлі өзгеріс керек. Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс» деген еді.

Облыс әкімі республикаға үлгі етіп отырған Ащыбұлақ шатқалында орналасқан Ащыбұлақ ауылының тарихы 1911 жылдан басталады. Алғашқы кезде Анатолевское деп аталып Жетісу облысы Верный уезінің Маловодный болысының Зайцевский учаскесінің құрамына кіреді. Кейін Анатолевка аталып кеткен ауыл 1957–1997 жылдары «Қазақстан» кеңшарының орталығы болды. Тәуелсіздіктен кейін байырғы атауын иеленген елді мекеннің бірі ретінде, 1992 жылы Анатолевка ауылының атауы Ащыбұлақ деп өзгерді.

Аудан орталығы Есік қаласынан солтүстік шығысқа қарай 39 км жерде, Киікбай өзенінің сол жағалауында орналасқан бұл ауылда Қазақстан ауылдық округі әкімінің орынбасары Марат Қанаевтың сөзіне қарағанда 3700 адам тұрады. Халық негізінен мал және егін шаруашылығында жұмыс жасайды. Шаруа қожалықтарының жалпы саны елуге жуық. Ауыл тұрғындарының 30 пайызының тұрақты жұмыс орны жоқ, тек маусымдық жұмыс кезінде шаруа қожалықтарына жалданып табыс табады.

Ұлттық статистика бюросының облыстық басқармасының мәліметіне қарағанда, Еңбекшіқазақ ауданының Қазақстан ауылдық округінде жыл басында өсімдік және мал шаруашылығы бойынша 16 заңды тұлға мен 14 дара кәсіпкер тіркелген. Сондай-ақ, 494 шаруа немесе фермер қожалықтары және 2812 ауылдық үй шаруашылықтары бары анықталды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»



БАЗЫНА

Отбасы – шағын мемлекет. Ал шаңырақ татулығы берік сақталатын елдің келеші жарқын. Алайда, соңғы жылдары елімізде некенің бұзылуы жиілеп кетті. Құрманғазы аудандық сотына 2023 жылдың 3 айында 160 талап арыз түсті, оның 40-ы неке бұзу бойынша. Ал 2022 жылдың 3 айында сот өндірісіне түскен 83 арыздың 21-і неке бұзуға қатысты. Демек, ағымдағы жылдың 3 айында былтырғы жылға қарағанда неке бұзу туралы талап арыздар екі есе көбейген.

НЕКЕ БҰЗУ - ОТБАСЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ



Неке бұзу туралы талап арыздардың берілуіне азаматтардың алкогольді көп тұтынып, жұбайына, балаларына қол көтеруі, яғни отбасындағы зорлық-зомбылық; сондай-ақ, ерлі-зайыптылардың мінезін жараспауы, бір-бірін түсінбеушілік, жиі болатын ұрыс-керіс, менмендікке салынып, бір-бірін тыңдауға тырыспауы, екінші тарапқа көңіл бөлмеуі түрткі болып жатады. Бұған қоса, жұбайының жұмыс жасамауы, табыс табуға ниетінің жоқтығы, тапқан табысын құмар ойындарға салуы, неке адалдығын сақтамауы, басқа адаммен азаматтық некеде тұруы, отбасына басқа адамның араласуы да некені бұзуға себеп болады.

Неке бұзу – отбасының трагедиясы. Бұл екі ересек адамның отбасы құндылығын түсінбеуінен, балалар алдындағы жауапкершілігін сезінбеуден туындайтын үлкен мәселе.

Ажырасуды алдымен балалар өте ауыр қабылдайды. Неке және отбасы туралы кодекстің 52-бабында әрбір баланың мүмкіндігінше отбасында өмір сүруге, өзінің ата-анасын білуге, олармен бірге тұруға құқығы бары көрсетілген. Бала құқығын қорғау – ата-ананың тікелей міндеті. Өкінішке орай, ажырасуға келген көп ата-ана баланың тағдырын ойламайды. Ал ажырасу соңы балаға ауыр зардап әкелуі мүмкін. Мысалы, жан күйзелісіне түсіп, ауруға ұшыраған, тіпті өз өзіне қол жұмсаған балалар да кездеседі.

Судьялар сот процесінде тараптарды жарастыру мен мәмілеге келтіруді басты ұстаным етеді. Ерлі-зайыптыларды қайта қосу үшін үлкен жұмыс жүргізеді. Оның бір жолы – сот медиациясы. Аудандық сотта медиация жасаушы екі судья да татуластырушы судья жұмысын атқарады. Судьяларға көмекші ретінде қы-

змет атқаратын аудандық билер алқасының мүшелері, медиаторлар да билер ісін жалағауда.

Аудандық сот ғимаратында отбасылық татуластыру кабинеті ашылды, онда тараптардың арасында татуластыру рәсімдері өткізіледі. Талап арыз сотқа түскен сатыдан бастап ерлі-зайыптылар арасында та-

туластыру рәсімі жүргізіледі. Істі қарау барысында бірнеше рет, 6 ай шеңберінде тараптарға татуласу мерзімі тағайындалады. Тек отбасын әрі қарай сақтау мүмкін еместігіне көз жеткізгеннен кейін ғана судьяның ерлі-зайыптыларды ажырастырудан басқа амалы қалмайды. Аудандық АХАТ бөлімінде де сот бастамасымен Отбасылық кеңес беру кабинеті ашылды. Бұл жұмыста қиындық туғызып тұрған бір мәселе бар – ол отбасылармен жұмыс жасайтын маман-психологтың жоғы. Сондықтан судьялар, билер мен медиаторлар өздерінің өмірлік тәжірибесін пайдаланып тараптармен татуластыру жұмыстарын атқарып жатады. Мұндай жанкешті жұмыс қоғамымызда ажырасқан отбасы, баласын жалғыз тәрбиелеп отырған аналар, баласын көруге зар болған әкелер, әкесіз өсіп жатқан мұңды балалар санын көбейтпеуге, әр баланың толық отбасында бақытты өмір сүруіне мүмкіндік жасауға ықпал етуі керек. Тағы да сот статистикасын сөйлетсек. 2023 жылдың алғашқы 3 айында неке бұзу бойынша талап арызды сотқа қабылдау сатысында өткізілген татуластыру рәсімінің нәтижесінде тараптардың татуласуына байланысты 5 талап арыз қайтарылды, ал соттың іс жүргізуіне қабылданған 24 талап арыз негізінен қаралып, 13 іс бойынша не-

кені бұзу туралы шешім шығарылды, 10 іс бойынша тараптардың татуласуына байланысты талап арыз қараусыз қалдырылды. Ал 2022 жылдың 3 айында 10 іс бойынша некені бұзу туралы шешім шығарылған, 3 іс тараптардың татуласуына байланысты медиациялық тәртіппен қысқартылған, 1 іс талап қоюшының арызы негізінде қараусыз қалдырылған. Демек, 2023 жылғы 3 айда 15 жұп, 2022 жылы 3 жұп татуласқан. Бұл – отбасында туындаған мәселелер әбден ушығып, өз мәресіне жеткенде тараптармен жүргізілетін өте ауыр татуластыру жұмысының нәтижесі. Сондықтан мұндай мәселені сотқа дейін жеткізбей, ажырасудың алдын алу шараларын ойластыруымыз керек.

Халықтың арасында отбасы құндылығын көтеру, неке бұзу мәселесіне назар аудару мақсатында аудандық сот қызметкерлері көп шара ұйымдастырып жатады. Біздің ұсынысымыз – отбасы күнін аудан көлемінде, әр ауылдық округта, әр мектепте, әр мекемеде кеңінен атап өту. Әртүрлі шаралар өткізу қажет және ол шараларды жабық есіктің ар жағында емес, бүкіл халықты қамтитындай орталық алаңдарда үлкен мереке ретінде өткізу керек. Ол шараға әр адам қатыса алатындай жағдай туғызу міндет. Мысалы, соттың бастамасымен, аудан әкімі аппаратының қолдауымен орталықта ата-ана мен балалардың қатысуымен спорттық шаралар, суретшілер сайысы, жәрмеңкелер өткізілді. Осы тәжірибені басқа ауылдық округтерде өткізуді әдетке айналдыру керек. Мұндай шаралар, отбасы мүшелерін жақындастырып, позитивті көңіл-күй сыйлап, бір бірінің қадірін түсінуге көмектеседі деп санаймын.

Б.МЕНСИТОВА, Құрманғазы аудандық сотының судьясы АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

«Жеке адамға қарсы қылмыстар» тарауы қылмыстық құқықтың ерекше бөлігінің неғұрлым дамыған институтының бірі. Соған қарамастан, қылмыстың осы тобына қарсы күресті жетілдіру мақсатында оның кейбір нормаларын қайта қарау керек.

Жеке тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесі – бұл адамның негізгі, маңызды, өмірлік құқықтары, міндеттері мен заңды мүдделерінің жиынтығы. Әдетте, қылмыстық сот ісін жүргізуде қол сұғушылық жасалатын жеке тұлғаның элементтері – өмір, денсаулық, жеке бас бостандығы, ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік бедел. Бұл іс-әрекеттерді сот төрелігіне қарсы қылмыстармен және жазаларды орындау тәртібімен берге саралау мәселесі қосымша шірдекеуі және заңнамалық деңгейде қарауды талап етеді. Қылмыстық кодекстің 1-тарауында бекітілген қылмыстар үшін мынадай ерекшеліктер тән:

Біріншіден, бұл қылмыстар қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде өмір мен денсаулыққа қауіп төндіреді. Екіншіден, дизайн бойынша бұл қосылыстар қауіп туындаған сәттен бастап немесе нақты зиян келтірілген сәттен бастап аяқталады деп саналады. Үшіншіден, кодекстің 1-тарауында қамтылған қылмыстардың басым бөлігі ауыр немесе аса ауыр санатқа жатады. Төртіншіден, осы қылмыстар қауіптілігінің әртүрлі шараларына байланысты адамға қарсы түрлі қылмыстар үшін жазалардың қатандығында үлкен алшақтық бар.

Жоғарғы Соттың 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №12 нормативтік қаулысына жеке адамға қарсы әртүрлі қылмыстар мәсе-

лелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ерекше назар аударуға тұрарлық. Аталған өзгерістер аясында құқық қолдану тәжірибесіндегі сәйкессіздіктерді тудырған мәселелер зерделенді. Осы саладағы үлкен қарама-қайшылыққа қарамастан, ҚК-де науқастың оның өлімін жеделдету туралы өтінішін қанағаттандырумен байланысты өлім келтіру түрі – эвтаназия институты бекітілмегенін ерекше атап өткен жөн. Біздің ойымызша, қазіргі жағдайда аталған институтты енгізу көптеген теріс қылықтарды тудыруы мүмкін, соның ішінде іздеусіз адамдарды жоюға жол ашуы бек мүмкін.

Жеке адамға қарсы қылмыспен күресті жақсарту үшін кейбір нормаларды қайта қарау керек. Мәселен, қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке адамға қол сұғушылықты саралау мәселелерін қайта қарау, жеке адамға қарсы қылмыстар» тарауының тиісті құрамы бойынша да жүргізу қажет. «Адам саудасы» бабын «құл еңбегін пайдалану» деген біліктілік белгісімен толықтырған жөн.

А.ЖУВАНЫШЕВА, Әлихан Бөкейхан аудандық сотының судьясы ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

Әкімшілік әділет институты біздің елімізде енді қолданысқа енгізіліп, бірыңғай тәжірибе жаңа қалыптасып жатқанымен, оның тарихы XVIII ғасырдан бастау алады. Осы тұста Франция, Германия, Португалия секілді өркениетті елдерде жария-құқықтық дауларды реттеудің құқықтық негізі қаланған болатын. Біз бағдар еткен германиялық әкімшілік-әділет институты мемлекеттік дамуы мен халықтың түсінік-танымына жақын.

Жалпы, әкімшілік әділеттің енгізілуі азаматтар мен бизнесті мемлекеттік органдардың теріс әрекетінен қорғауға бағытталған. Осыдан екі жыл бұрын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданып, жаңа әкімшілік соттар қолданысқа енгізілгенде халықтың көкейінде үміт пен күдіктің қатар тұрғаны анық. Өйткені, бұрын жария-құқықтық даулар бойынша қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін. Бұл азаматтардың сотқа, әділдікке деген сенімін сетінеткені рас. Ал жылдар бойы қалыптасқан пікірді өзгерту үшін жаңа заңның жағымды жақтарын, тиімді тұстарын халыққа түсіндіру, насихаттау аса өзекті болды.

Жоғарғы Сот статистикасына сай Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілген сәттен бастап соттарға 27 629 талап түскен. Осының ішінде талапкердің пайдасына қанағаттандырылған талаптардың пайызы (толық және ішінара) – 52 пайызды құраса, әкімшілік органның пайдасына 48% шешімдер қабылданды. 2021–2022 жылдарды салыстырғанда талаптарды қанағаттандыру көрсеткіші 8 пайызға өскенін байқауға болады.

ӘКІМШІЛІК ӘМІРГЕ ЕМЕС, ӘДІЛЕТКЕ ЖҮГІНЕТІН КОДЕКС

Бұл деректер жаңадан ашылғанына қарамастан әкімшілік соттардың жүктемесі қазірдің өзінде жоғары екенін айғақтайды.

Кеңестік дәуірде жария-құқықтық даулар Азаматтық процестік кодекстің шеңберінде шешіліп келді. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енуімен көптеп енгізілген жаңашылдықтар ауқымды. Соның бастысы, бұл құжат мемлекеттік органдардың жауаптылығын жан-жақты көтерді. Оны мынадан көруге болады. Біріншіден, кодекстің мәні бойынша егер азамат әкімшілік органдарға қарсы сотқа талап-арыз берсе, бұл әкімшілік орган кінәлі дегенді білдіреді. Яғни, талап арыздарды қарағанда әкімшілік органның «кінәлілік презумпция қағидасы» қолданылады. Осыған орай әкімшілік орган сотта өз әрекеттерінің заңды екенін дәлелдеуі қажет. Бірақ бұған қарап талап-арыз түскен әкімшілік органның барлық әрекеті мен шешімі заңға қайшы деген қате түсінік қалыптаспауы қажет. Сот барысында өз ісінің әділдігін дәлелдеген мемлекеттік орган талап арыздың өз пайдасына жазылуына ықпал ете алады.

Екіншіден, талап арыз берген азаматқа енді өз талабының дұрыстығын дәлелдеудің қажеті жоқ. Себебі, дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелген. Егер мемлекеттік орган өз шешімінің заңды және негізді екенін дәлелдей алмаса, ол іс бойынша жеңіліс табады.

Үшіншіден, кодекс мемлекеттік органдарды тәртіпке келтіруде үлкен пәрменге ие. Өйткені, судья белсенділігін пайдалана отырып соттың қажет қажаттарды мемлекеттік органдардан талап етуге құқығы бар. Ал талапты

орындамаған мемлекеттік органдарға процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ретінде ақшалай өндіріп алу қолданылады. Мәжбүрлеу шарасының мақсаты – әкімшілік іске қатысушылардың өзіне жүктелген процестік міндеттерді мүлтіксіз орындауын және олардың құқықтарын адал пайдалануын қамтамасыз ету, жариялы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеу және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын одан әрі нығайту.

Мемлекеттік органдарға қатысты келесі бір өзгеріс – татуластыруға байланысты. Азаматтық процестік кодексте даудағы тараптардың бірі мемлекеттік орган болған жағдайда татуласуға жол берілмейтін. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте мемлекеттік органдармен дау кезінде тараптардың татуласу мүмкіндігі қарастырылған. Кодекстің 120-бабының 1-тармағына сай тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Яғни, жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Міне, осыдан көріп тұрғанымыздай, әкімшілік әділет қарапайым азаматтардың құқығын оңтайлы қорғап, мемлекеттік органдар жауаптылығын арттыруымен құнды болып отыр.

Гүлім МҰҚАНОВА, Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БАСТАМА

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ



«Сот кабинеті» сервистің пайдалану халық үшін тиімді. Бұл уақытты үнемдеуге, сот жүйесіне қолжетімділікті арттыруға көмектеседі. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері сервиске ЖСН немесе БСН және пароль арқылы тіркеліп, сотқа электронды құжаттарды электронды нысандарды толтыру арқылы бере алады.

«Сот кабинеті» сервисінде тіркелгеннен кейін азаматтар сотқа талап арызбен, талапты қамтамасыз етумен, пікірмен, қарсы талаппен, сот актілерінің көшірмесін беру туралы арызбен, апелляциялық және кассациялық шағым беру және басқа да өтінішпен жүгіне алады.

Сондай-ақ, іске шақырылатын тұлғалардың ұялы телефонына «Төрелік» бағдарламасы арқылы сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы SMS хабарлама және сотқа шақырту қағазын жіберу мүмкіндігі бар. Азаматтар Жоғарғы Соттың www.sud.gov.kz сайты арқылы сотқа шақыру қағазының электрондық нұсқасын телефонына жүктеп, басып шығара алады. Осы қызмет түрі де тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, сот актілерін судья «Төрелік» бағдарламасына енгізген сәтте, тараптардың сот кабинетіне сот отырысының күні мен уақыты автоматты түрде түседі.

Жалпы 2023 жылдың 5 айында Қорғалжын аудандық сотына 41 арыз осы «Сот кабинеті» сервисі арқылы түскен. Аталған сервис сот органдары жұмысына жаңа технологияларды қолдануды сәтті енгізіп, жүзеге асыруда.

Б.ИЗАХМЕТОВ, Қорғалжын аудандық соты әкімшісінің басшысы АҚМОЛА ОБЛЫСЫ





# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

**Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданғаны мәлім.**

Кодекске «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деген жаңа тарау енгізілген. Оның негізінде адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және тұтынушыға бағдарлану талабы қойылған. Бұл талап бұрынғы кодексте де бар. Бірақ, жаңа редакцияда ашықтық пен клиентке бағдарлану қағидатына басымдылық берілген. Соған сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің негізгі тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын

болуы және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің бойына моральдық-адамгершілік қасиеттерді сіңіруге бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық өкілеттіктерді атқаруға байланысты кез келген заңға сыйымсыз уәде бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттеме алмау талабы қойылады. Бұл қоғам тарапынан мемлекеттік қызметтің имиджіне сын туғызбай, мемлекеттік қызметке деген сенімді арттырады. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшінің жасаған әрекеті әдептілік стандартын сақтамауымен сипатталса, тәртіптік жазаға тарту мәселесі қаралуы мүмкін.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші қарапайым болуы керек, оның сырт келбеті ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін іскерлік стильге сай болуға тиіс. Сондай-ақ, заңнамаға сәйкес Әдеп жөніндегі Уәкіл институты енгізілді. Ол Әдеп кодексінің бұзылуының алдын алып, қызмет бойынша консультация беретін лауазымды адам. Жалпы алғанда, кодекске енгізілген түзетулер сервистік, ашық және халық үшін қолжетімді мемлекеттік аппараттың қалыптасуына ықпал етеді деп күтілуде.

**Гаухар ШЕЛТЕУОВА,  
Қызылқоға аудандық сотының әкімшісі  
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ**

## ӘРТҮРЛІ

11. ТОО «Қобланды», БСН 060540007302, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 7 үй, 106 пәтер. Тел.: 87017408072.

12. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» ММ» Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степняк қаласының «Айгөлек» балабақшасы» МКҚК Степняк қаласының «Күншұақ» бебекжай-бақшасы МКҚК қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөліміне шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, Біржан сал көшесі, 76, тел.: 8(716-39) 2-16-26.

16. «Vagon Service Алматы (Вагон Сервис Алматы)» ЖШС, BIN 160140008713 өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Т.Ахтанов көшесі, 43 үй, пошталық индексі 050045 мекенжайы бойынша қабылданады.

17. «Микроаржы ұйымы «CREDERE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210940034456, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, 27 үй, пошта индексі 010000, Телефон +77710051818.

29. Павлодар қалалық соты 1965 жылы 6 қарашада туған Елена Васильевна Кадированы қайтыс болды деп тану туралы арыз бойынша азаматтық іс қозғалды. Егер Елена Васильевна Кадированың тұрғылықты жері туралы белгілі болған жағдайда, жария етілген күннен бастап 3 ай ішінде Павлодар қаласы, Дюсенов көшесі, 80 үй мекенжайы бойынша Павлодар қалалық сотына хабарласуын сұраймыз.

35. Осы арқылы «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» Акционерлік қоғамы (БСН 940840000767, Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, ҚазДІК ауылы, Промзона, 15 учаске, тел. +77017279128, 87272994384, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2023 жылы 12 маусымда Қоғамның директорлар Кеңесімен шешім қабылданғанын хабарлайды: «Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 17.07.2023 ж. сағат 14.00-ге Алматы облысы, Іле ауданы, ҚазДІК ауылы, Промзона (енержасіптік аймақ) 15 учаскенің акт залына шақырылсын. Егер кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілмесе, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 18.07.2023 жылы сағат 14.00-де осы мекенжай бойынша өткізілсін. Күн тәртібінде: 1) Жарғыны жаңа редакцияда бекіту; 2) Алдыңғы Директорлар Кеңесінің өкілеттігін тоқтату; 3) Жаңа Директорлар Кеңесінің сандық құрамын айқындау; 4) Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау; 5) Директорлар Кеңесі құрамын сайлау».

## ЖОҒАЛТУ

18. Түркістан қаласындағы «Сентрас Коммекс Life «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ филиалы туралы жоғалған ереже, БСН 200941028009, жарамсыз деп есептелсін.

## БАНКРОТТЫҚ

15. Осымен мүдделі тұлғалардың назарына «МегаТрансАзия» ЖШС-нің, БСН 040440000467, қатысты Алматы қаласының МАЭС (мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты) сотында банкроттығы туралы іс қозғалғаны жайында ақпаратты ұсынамыз.

## МҰРАГЕРЛІК

4. 2023 жылы 6 сәуірде қайтыс болған азамат Шайза Бакирдің артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер үшін барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.А.Жұмалдулаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмірсіз ғимарат.

5. 15.03.2023 ж. қайтыс болған азамат Аймаханов Асылбек Күшербаевичтің артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлері нотариус С.И. Байғазиноваға хабарласуы керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ақмешіт ықшамауданы, 26/2 үй. Тел.: 87084408317.

27. 2023 жылы 27 мамырда қайтыс болған азамат Қарабаев Исатай Кубировичтің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкін көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78., 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Терміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиббаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-2284-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## Баспасөз – 2023

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

### Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

#### ✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:  
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

zanreklama@mail.ru

26. «Жамбыл облысы, Байзақ ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110540017515, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 112 үй, тел.: 87263721058.

28. Павлодар қаласының 2023 жылғы 2 маусымдағы № 732/1 қаулысы негізінде «Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ заңды тұлғасы өзінің таратылатынын хабарлайды. Таратылатын мекемениң кредиторларының барлық шағымдары «Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ Павлодар қаласы, Ақ. Бектұров көшесі, 115В мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: 8(7182)215470.

30. «Абай облысы Ақсуат ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы, 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, мекеменің таратылуына (қызметінің тоқтауына) байланысты жабылатынын хабарлаймыз.

31. «Сырдария ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110640015775, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №9Б), Сырдария ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы №172 қаулысына сәйкес, таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №9Б, тел.: 8(72436)21-8-70.

32. «Бейнеу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640021680), Бейнеу ауданы әкімінің 2023 жылғы 8 маусымдағы №150 қаулысымен таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Досан Тәжиев көшесі, №8В ғимараты.

33. «Шиелі ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640021135) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, 53 құрылыс. Байланыс телефоны: 87273243168, 87273241098.

34. «Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110640001232) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, Егемберді көшесі, 2 үй. Тел.: 87757804965.

36. «Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110640009453) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 61 үй. Тел.: 87263122403.

37. «Мойынқұм ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110740002063) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, №147, тел. 87264221447.

38. Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 5 маусымдағы №211 қаулысымен «Жаңақорған ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, БСН 110640018492, таратылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Бейімбет Майлин көшесі, 7 үй.

39. «ЖАҢАТАЛ» АӨК, БСН 161240015920, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық сұрақтарыңыз бойынша 87027614256 телефонына хабарласыңыздар. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады.

Павлодар облысының соттары, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Павлодар облысы бойынша филиалы судьялары Павлодар облыстық сотының судьясы Махватова Теміртаз Тортайұлына, Екібастұз қалалық сотының судьясы Махватова Айгүл Айтмұхамбетқызына ағасы және әкесі **Махватов Айтмұхамбет Тортайұлының** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Бостандыққа шыққан Владимир Бандураның тірлігі бір ілгері баспай қойды. Осыдан бір ай бұрын түрменің терезесінен телмірген ол «бостандық дәмін сезсем ғой, шіркін» деп қиялдаған. Ал бүгін керісінше, өзі туған қалада адымы қысқарып қалған сияқты. Кезінде осы қалада жалаң аяқ желмен жарысқан баланың бүгінгі бейнесіне күдікпен қарайтындар көбейген. Өзін тежемесе бұл қалада келеңсіздіктер сәт сайын алдын орайтынын іші сезеді.

## Түңілу

Ол аздай үш жылғы үзілістен соң өзінің туған баласы мұны танымай қалғаны жанына қатты батты. Жұбайымен екі сағаттан астам әңгімесі – екеуінің ажырасуына апарып соқты. Бұл түрмеден келгенше өзіне ашына тауып алған әйелі Владимирге есік ашуға ниеттенбеді. Тек жасаған «қамқорлығы» екі бөлмелі пәтерді бөліске салмай-ақ, Бандураға қалдырған.

Ызаға булыққанымен Бандура бәрін іштен тына тыңдап, үнсіз орнынан көтеріле берді. Көше бойында ұшырасқан таныс жандар өтірік бас шұлғып амандасқан қалып танықпанымен, мұнымен байланысқысы келмегендері байқалады. Мұңға батқан Бандура басы ауған жаққа жүре берді. Ащы арақтан тоқтамастан сімірген ол көпке дейін еңсе көтермеді. Аптадан астам араққа арланбай бас қойған оны жұбатқан да ешкім болмады. Көп ұзамай өзегін аштық жалай бастағанын сезген соң орнынан тұрып, сыртқа беттеген. Көлденең табыс тауып күн көруге ойы кеткенімен, арақтан қол үзе алмасын сезді. Күнде кешкілік бір жартыны құшақтап келмесе көңілі көншімейтін. Сырласар ешкім болмағандықтан еріксіз оңаша қапаланатын. Алайда, екі-үш стақан арақтан соң қайғыны ұмытып, жаңа өмір бастасам деген тәтті арман санасын қытықтай бастайтын...

## Шопан неден шошынды?

Қаланың қарбаласқан тірлігі саябырсып, қазанның қара суығы араласқан қараңғылық кеші айналаны қымтай бастаған. Алдына отыз шақты қойын салып, артта қалған иттерін ысқырып шақырған малшы атын сипай қамшылап қала сыртындағы ауылға аяңдаған. Кенет артта шауып келе жатқан иті әлденеге қарап арсылдай жөнелді. Мұрнының астынан бұрқылдап боқтап жіберген ол ит жүгіріп жүрген маңдайға ат басын бұрды. Қызығушылығы еріксіз аттан түсірген шопан қалың шөптің арасын ашып қарай берген. Қырау көмген шөптің арасында жартылай жалаңашталған әйел адамның мәйіті жатты. Қатты сасқан шопан кері құлап түсті...

Оқиға орнына жедел топ пен сарапшылар келіп жеткенше айналаны қараңғылық қымтап алған еді. Қараңғылықтың төсін тіле жарқыраған шамдар мен прожекторлардың қуатына қарамастан оқиға орнында мардымды жұмыс жүре қоймады. Ешбір айғақ зат көзге шалынбады. Мәйітті әлдекім қорлап, аутдесіне пышақ сұғып азаптап өлтіргені анықталды. Сол күні түстен кейін жерге түскен жұқалтаң қар қылмыс ізін жасырып қалған.

Сарапшылардың қолға іліктіреп ешбір мәліметі болмағандықтан, өлімді тудырған екі себеп ерекше қарастырылды. Оның бірі өлім алдын ала жоспарланған. Екінші болжам бойынша өлім кісі өлтіруші мен жәбірленуші арасында болған даудан туған. Себебі, мәйіттің қанын тексеру барысында алкагольді ішімдік пайдаланғаны анықталған болатын.



# ӘЗӘЗІЛДІҢ ОРАЛУЫ

Мәйіттің қалтасынан ешқандай құжаттың немесе әйелдердің опа-далабының табылмауы қылмыскердің мұны әлдебір жерде өлтіріп, осында әкеліп тастауы мүмкін деген жорамалды алға шығарды. Қан ізін жасырып, мәйітті көктен тастағандай әсер қалдыра білген қылмыскердің әрекеті бұрын да түрме ботқасын жеген жан екенін айғақтағандай.

## Белгісіз жан

Өлтірілген әйелдің дерегіне келгенде қиындық туды. Белгісіз әйелдің жоғалғаны туралы бірде-бір арыз жазылмаған. Ал өлім себебін зерттеу кезінде із кесушілерді оқиға орнында табылған мүшеқаптың (презерватив) бір қорабы күмәнді ойға жетелей түсті. Бір қызығы бұл затты қылмыскер пайдалануға асықпаған. Өйткені, ол сол бүтін қалпында қалған. Із кесушілердің санасынан осы бір жыныстық қатынастың құралы марқұм әйелге тиесілі болған деген ой сызылып тасталмады.

Мүшеқаптың түр-түрін өздерімен бірге жеңіл жүрісті әйелдер алып жүретінін ескерсек, бұл көне кәсіптің иелері арасындағы ақша дауына қатысты өлім болуы мүмкін деген болжам да із кесушілердің ойына орнықты. Келесі күні аулалық шолу ешбір мардымды нәтиже бермеген соң, мына қылмыс көше кезбелері арасындағы кісі өлімі деген тұжырымға шүбәсіз сендіре бастаған.

Осы күдікке малданып қатарынан бірнеше күн бойы құқық қорғаушылар қаладағы ең үлкен Сейфуллин даңғылы бойын шарлап шықты. Мұнымен қатар жалдамалы тәуліктік пәтерлер мен қонақүйлер түгелдей дерлік тексерілгенімен, бәрібір іс нәтижесіз қалды. Өлтірілген әйелді жезөкшелер де, жеңгетайлар да жыға тани алмады. Көше «тұрғындары» әлдебіреудің өлтірілуі немесе зорланғаны туралы ешбір хабар естімегендерін айтып бақты.

## «Мылқау» өлім

Қылмысты іс кезекті «мылқау» өлімнің қатарына енді. Мәйіттің табылғанына екі аптадан аса уақыт өтіп кетті. Осы уақыт ішінде полиция қызметкерлерінің арқасына қосымша тағы бір зілбатпан жүк қосылды. Бұл жолы жантүршіктікер қос қабат өлім тіркелді.

Үйіне қонақтан кештете оралған анасы азаппен өлтірілген 8 және 10 жастағы қыздарының мәйіттің үстінен түскен. Жедел топ сарапшылары түсірген бейнекеріністі көргенде төбе құйқаң шымырламай қалмай-

ды. Үйдің кең бөлмесі ортасындағы еден үстінде шалқасынан жатқан 8 жастағы қыздың тамағы орылған. Жанында қою қара қан қатқан. Оператор ақырын бейнетүсіру арқылы келесі бөлмеге өтті. Келесі бөлмеде азаппен жаны қиылған 10 жастағы сүйкімді қыздың мәйіті жатты.

Осы бір сұмдық көріністен байқағанымыз, үйден көзге түсер елеулі ештеңе жоғалмаған тәрізді. Үй жиһаздары мен заттар жинақы. Соған қарағанда қауіпті қылмыскер қасақана кісі өлтіру мақсатында үйге енгені анық. Қыз балалар оны бұрыннан тануы ықтимал. Себебі, қыздардың есікті еркін ашуы, қылмыскер бұл үйге бұрыннан келіп кетіп жүрген жан болуы мүмкін деген жорамалды алға шығарды. Сарапшылар ылдым-жылдым қимылдап, үй жиһаздары мен есік тұтқаларында қалған саусақ іздері мен күмәнді заттарды тексеруге көшті. Терезе арқылы енген із де бар. Ең бастысы осы үй иелерінің жақын араласқан адамдары мен туыстары төңірегін тексеру міндеті тұрды. Із кесушілер алдымен өлтірілген қыздардың анасымен сөйлесуге ниеттенді. Алайда көпке дейін өзі-өзіне келе алмаған Шура мардымды ештеңе айта алмады. Көз жасын да түсіну керек. Дегенмен, Шураны сабырға шақырып, тергеу жұмысына көмектесетінін айтқан соң, әйел аз да болса жинақталып, қылмысқа қатысты күдік-күмәнін ой елегінен өткізе бастады.

Бірақ күдіктенетін ешкімі жоқ. Күйеуімен әлдеқашан ажырасып кеткен. Оның бұл жерге келуі мүмкін емес деді әйел. Ал із кесушілер үйде қалдырылған ер адамның былғары күртешесін әйелге көрсеткенде, сасып қалған ол сәл мүдіріп барып «Дәл осындай күртеше сіңлімнің күйеуі Володяда болатын» деп қалды. «Жақын аралықта осы пәтерге ол келіп пе еді?» деген сауалға әйел оның көптен бері жоламай жүргенін жеткізді. Сондай-ақ, бұрын түрмеден шыққан соң бір мәрте келіп кеткенін айтты.

## Күдікті

Уәкілдердің көзі бір нәрсеге анық жетті. «Зонадан» келген соң табан тірер тұрақ таппаған белгісіз жан қылмысқа қайыра соқты деген болжам шындыққа айналып бара жатқандай. Шамамен бір сағаттан соң қыздардың анасы айтқан мекенжайға ерекше мақсаттағы полиция отряды мен күшейтілген жедел топ келіп жеткен болатын. Нысандағы пәтерді жағалай қоршаған жедел

топ қылмыскер алда-жалда оқ шығаруы мүмкін деп сақадай-сай тұрды. Бірнеше минуттардан соң ішінен ілінген есікті бұзып кірген арнайы топ қатты мас күйінде 6 жастағы баласын құшақтап ұйқыда жатқан Владимир Бандураның үстінен түсті.

Не болғанын түсініп үлгермеген оның қолын қайырған жасақ көлікке апарып тығып, аудандық басқармаға жеткізді. Бандура қолға түскен сәтте оның пәтерінде із кесушілер қанға боялған бәтеңкесі мен жейдесін қоса тауып алды. «Сенікі ме?» деген сесті сауалға ол еріксіз басын шұлғы берді. Түкке түсінбеген ұлы әкесін мылтықты бетперделі адамдар айдап апарып жатқанын көріп жылап жіберді. Алайда сәби жүрегі жауыз әкенің өрімдей жас ғұмырларды айуандықпен қиғанын білмеген еді. Бір сағаттан соң Бандура өзі қанды оқиға тудырған орында жасаған қылмысын жіліктеп айтып беріп тұрды.

Қанды оқиғадан бір күн бұрын Бандура таңертеңнен әбден сілесі қатқанша арақ ішкен болатын. Түске жуық алдын ала дайындап алған «жартылары» таусылды. Сонымен бірге қалтасы да қағылған еді. Әбден масайып алған оның есіне әйелінің әпкесі түсті. Кезінде сол үйге біраз затын сақтауға қалдырған болатын. Қуанғанынан сонда беттеген. Көрші «комокқа» (шағын дүңгіршек) барып кепілге заттар тастап, арақ алуға ойы кетті. Құныққан Бандура қайын әпкесінің есігін көп қақпады. Әр жақтан кішкене қыздық даусы естілді. Бірақ өзара сөйлескен қыздар жуық арада есікті аша қоймады. Кейіннен тіпті үйде шешесінің жоқ екенін, керекті заттарына сонан соң келуін сұрап тұрып алды.

Қыздардың жауабына қанағаттанбаған ол үйді айналып, терезені жұлып алып ішке енді. Володя ағайларынан мұндайды күтпеген қыздар үйдегі затты тек шешесінің рұқсатымен беретіндерін қайталай берді. Шифоньерге қол салған Бандураның білегіне жармасқан 10 жасар Настяны сілкіп қалғанда сонадайға ұшып түсті. Қайта ұмтылған қаршай қыздың кеудесіне өзімен бірге үнемі алып жүретін кездігін бойлата салған. Бүктеле құлаған қыздың өлімін көріп тұрған Маша шошынғаннан сыртқа ұмтылған. Сүріне-қабынан титтей қыздың сирағынан ұстап қалған ол асқан қатыгездікпен оның тамағынан пышақпен орып жіберді. Бар болғаны осы...

## Құлқының құлы

Арам пиғылды ол өзінің жиіркенішті құлқының қамы үшін екі бірдей жас ғұмырды көктей солдыр-

ды. Кейінірек осы сұмдық оқиғаны жасау кезінде өз іс-әрекетіне есеп бере алмас масаң күйде болғанын жеткізді. Алайда қылмысты жасап болған соң оқиға орнында із қалдырмау үшін өзінің қолы тиген жердің бәрін сүртіп шыққан. Бұл өз ісіне есеп бере алмайтын адамның ама-лы емес еді. Бандура терезені ішінен жауып, есіктен жайлап шығып жөнөп берген. Ауыр кісі өлімін жасаған ол асығып жүріп, орындықтың арқалығына ілген күртешесін ұмыт қалдырды...

Қос қабат кісі өлімінен соң еңсесін көтере алмаған Шура үйіне келген із кесушілерге мұң шағып, енді қалай өмір сүрерін білмейтінін айтады. Тіпті, туған сіңлісінің өзі біраздан бері келмей кеткенін айтты. Мұны естіген із кесушілердің есіне өткендегі әйел мәйіті орала кетті. Шамамен жарты сағаттан соң құқық қорғаушылар бақытсыз әйелге өткен жолы табылған мәйіттің фотосуретін көрсеткенде бейшара әйел есінен тана құлады. Үш бірдей ет жақынынан айырылу шынашақтай әйелге оңай тимеді.

Жиілеп орын алған өлімнің жасалу амалдарын салыстыра отырып, тергеушіге істі тапсырған із кесушілер өлімді бір кісінің жасағандығын анықтап берді. Тергеуші алдында ұнжырғасы түсіп отырған Бандура ешбір заңнан қорқып отырмағанын байқатты. Оның ең бір зәре-құтын алатыны өлім болатын. Тергеушінің «өз іс-әрекетіңе есеп бере алмас жағдайда өлтірдің-ғой. Өлім жазасына кеспейді. Бәрін айта бер» деген сөзі жанына қуат бергендей болған Бандура жасаған іс-әрекеттерін түгел айтуға мәжбүр болды. Ол бостандыққа шыққан соң аздап «сілтеңкіреп» алып, ажырасуға уәде беріп қойған әйеліне қонырау шалған. Бір сағаттай сөйлесіп әйелін кездесуге шақырған Бандура ақыры оны көндірді...

Алматының шетіндегі қалың тоғайға бет алған олардың арасындағы әңгіме алдағы өмірлері төңірегінде ербіді. Әйел болса, қайта қосылуға қарсы екенін ашық айтты. Табиғат аясындағы ерегеске толы әңгіме екеуін мәмілеге келтіре қоймады. Кездесулерін аздап «атап» өтуді ұсынған Владимир Бандураның өтінішіне үнсіз бас шұлғыған әйелдің ішімдікке іштей кет әрі еместігі білініп тұрды. Алайда бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы әңгіме ақыры жараспай жанжалға ұласып кетті. Біреуді тыңдауды, сынын қабылдауды ұмытқан Бандура соңғы кездері сөз көтере алмайтын болған. Бұрын алдында бас шұлғып отыратын әйелінің қайта-қайта сөзін бөліп, қарсы шығуы оның әбден жынына тиді. Басында тісін шықырлатып өзін сабырлы ұстаған ол артынша бәкісін шығарып сорлы әйелдің дәл жүрек тұсына құлаштай сілтеді.

Қолын қанға малған ол сол мезетте сауығып шыға келді. Пышақ, бос шөлмек пен желім стақандарды суға лақтырып жіберіп, оқиға орнынан кетуге асықты. Бірақ ол сол сәтте қалтасынан түсіп қалған мүшеқапты байқамады. Бір аптадан соң бұрынғы енесінің үйінен ұлын алып кетті. Енесіне «Мария әлдеқайда жолаушылап бара жатып баланы өзін қарай тұр» деп айтып еді дегендей сылтау ойлап табады. Ал Марияның із-түзсіз жоғалғаны жайлы оның көңілдегі тіпті полицияға хабарлауды есіне де алмаған болатын.

Осы бір қайғылы өмір сюжетін өрістеткен Бандураға 2000 жылы қалалық сот тарапынан ең жоғары үкім өлім жазасы тағайындалды. Соған қарамастан, қайғыдан баз кешкен Шура Алматыдан көшіп кетуге мәжбүр болды.

**Арман ЖУСАНБАЙ**

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмухамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zankreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5615 дана**  
**Апталық таралым 11 230 дана**

Тапсырыс №86 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31